



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ КЕЛЕСІ ТӨРАҒАСЫ КІМ?



Соңғы жылдары адвокаттардың құқығы қорғалудың орнына, олардың тәуелсіздігі мен қылмыстық процестерге тең құқылы қатысуы, азаматтардың адвокаттарды таңдау құқығын шектейтін қатал практика қалыптасуда. Сот процесінде мемлекеттік айыптаушы тарап пен қорғаушы тарап теңдігін қамтамасыз ету керектігі жиі айтылғанмен, іс жүзінде бұл теңдікке қол жеткізу қиын көрінеді.

(Соңы 5-бетте)

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



ҚАПШАҒАЙ ЖАЗҒЫ
МАУСЫМҒА ДАЙЫН БА?

2-бет



НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚТЫ
САПАСЫЗ ӨНІМНЕН
ҚОРҒАЙТЫН ЗАҢ

4-бет

БІЛІМ

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

Өлемді әбігерге салған пандемиялық жағдай еліміздің білім саласына да өзінің кері әсерін тигізді. Онлайн оқу білім сапасын төмендетті. Бұл мәселе, әсіресе, бітіруші түлектерді аландатып отыр. Себебі алда – ҰБТ. Әрі биыл түлектер бірінші рет ҰБТ-ны электронды форматта тапсырмақ.

Биыл 130 мыңнан астам түлек ҰБТ тапсыруға ынталы. Олардың тесттен өтуіне бұрынғыдай бір апта ғана берілмейді. Енді тестілеудің өткізілу мерзімі екі айға дейін ұзартылды. ҰБТ-ны қашан тапсыру керек екенін де әркім өзі тандайды. Бас мұғалімнің айтуынша, алғаш рет электрондық форматта өтіп жатқан ҰБТ нәтижелерін қатысушылар бірден біле алады. Әр қатысушыға компьютер беріліп, оның әрекеттерін бейнекамералар бақылайды. Жаңа форматтың негізгі жағымды тұсы – тест парақшасындағы жауаптарда кездейсоқ бояу болмайды. Компьютердегі тестіде оқушы өз жауаптарын өзгерте алады және бір пәннен келесісіне өту мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, тест нәтижесін кешке дейін күтудің қажеттілігі жоқ. Бұдан бөлек, оқушылар тест нәтижесін алған соң, бірден апелляцияға өтініш бере алады.

(Соңы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

ОНЛАЙН АЛАЯҚТАР АЗАЙМАЙ ТҰР

ҚР ИІМ ресми мәліметінше, елімізде өткен жылы 14 мың кибершабуыл жасалған. Ал биыл қаңтар айының өзінде 1 700 онлайн қылмыс тіркелген. Статистикаға қарап отырып-ақ елімізде онлайн қылмыстардың, алыста отырып-ақ айласын асыратын алаяқтар санының артып бара жатқанын байқаймыз. Әлеуметтік желіде де күн сайын көптеген жандар банктің атынан хабарласатын алаяқтардың көбейгенін, есепшотындағы қаржыны сыпырып алудың түрлі жолдарымен арбап, тіпті алданып қалғандарын айтып жатады. Өкінішке қарай алаяқтардың артуы құқық қорғау орындарының осы бағыттағы жұмысының әлсіздігін аңғартатындай.

Бүгінгі күні алаяқтарға алданып, Тараз қаласында үш жүзге жуық адам алмаған несиеден өтеп жатса, сол үш жүзге жуық адамның атынан несие рәсімдегендердің әлі де жазаланбай жүргені қынжылтады.

Сондай-ақ Шымкент қаласының тұрғыны 50 адамның атынан онлайн-несие рәсімдегені де белгілі болып отыр. Қызылорда қаласында да жақында 21 жастағы жігіттің өзгенің атынан 1,5 миллион тенге

онлайн несие рәсімдегені әшкереленген. Жалпы, Қызылорда қаласында жыл басынан бері полицияға осындай 311 іс тіркелген.

Айта берсек, мұндай қылмыстар еліміздің барлық өңірінен тіркеліп жатыр. Халықтың банк атынан сөйлеген кез келген «көшедегі адамға» сеніп, ұсынған құжатына қол қоя салуы өз бастарына сор болып отыр. Банк тарапы қойылған қолды желеу етіп, қалай болса да рәсімделген қаржыны банкке қайтаруды талап етсе, халық алаяққа алданып қол қойғандарын дәлелдей алмай жүр. Нәтижесінде алаяқтар «екі жеп биге шығып», одан әрі айласын асыруға тырысуда. Алаяққа алданғандардың бірі – Тараз тұрғыны Сәбира Қамаева апай «Біз тұрмыстық техниканы да, ақшаны да алмадық. Сот мамандары «Өздеріңіз төлейсіздер, басқа амал жоқ. Алаяққа келіскен өздеріңіз кінәлісіздер» деді. Біз олардың бәрі заңды деген сөзіне сендік» дейді. Алаяқтардың әккі ұйымдастырған ісі халықтың алдануына, құқық қорғау орындарының дәрменсіздігіне себеп болып отыр. Сондықтан мамандар «халық барынша қаржылық сауаттылықтарын көтеруі керек, онсыз алаяқтар көбейе береді» дейді.

(Соңы 3-бетте)

ВИРТУАЛДЫ ҚЫЛМЫСТАРҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛА МА?

ОЙТАЛҚЫ

Мырзабек БЕКБЕРДІ, заңгер:

– Ғаламтор кеңістігіндегі алаяқтарды ұстау оңайға соқпай тұр. Себебі қылмыс онлайн жүзеге асатындықтан, көбінесе жәбірленуші мен күдікті әртүрлі өңірлерде тұруы мүмкін. Тіпті алаяқ басқа елде отырып та, интернеттің көмегімен талайларды сан соқтырып кетіп жатады. Сондықтан онлайн алаяқтықтың географиясы тым кең. Менің ойымша, онлайн алаяқтықтың көп ашылмай, жабулы күйінде қалуына осы бір фактор көп әсер ететін секілді.

Тіпті, кейде интернет алаяқтарының қылмыс ету әрекетінің ауқымдылығы соншалық, провайдер орналасқан АҚШ, Ресей, Қытай, Германия секілді елдерге халықаралық сұрау жіберіп те жатады. Ал олардан жауап келіп, тиісті құқықтық орындар әрекет етем дегенше әккілер ізін жасырып үлгереді немесе жасырын әрекет етеді. Жалған серверлерді пайдаланады.

Соңғы кездері интернет алаяқтығы, онлайн қылмыс саны күрт өскен. Елімізде қаңтар-сәуір айларында қылмыстың осы түріне қатысты 7 мыңға жуық іс анықталған. Виртуалды бауқеспелерге қалай тыйым саламыз?

аңқау болмаса, алаяқтар құнықпаса еді. Сондықтан қоғамның қаржылық сауатын арттыру өте маңызды.

Алаяқтардың банк атынан қорықпай қоңырау шалуы да олардың тым еркінсіп кеткенін аңғартады. Сондықтан онлайн алаяқтармен күресті тез арада күшейту керек. Әсіресе, ғаламтор арқылы сауда-саттық жасаймын деп алданатындар көп.

Лияс ИСАЕВ, экономист:

– Онлайн қылмыстардың тек 20 пайызы ғана ашылуы тым аз. Бұл алаяқтардың одан сайын сайран салуына, халықтың тоналуына ықпал етеді. Сондықтан осы бағыттағы маманданған тергеушілердің, құқық қорғау орындарының сапасын көтеруіміз керек. Екіншіден, оңай олжаға құныққан халықтың да қаржылық сауатын көтеру қажет. Қай бір жылы Мемлекет басшысының өзі осы бағытта нұсқау беріп, халықтың қаржылық сауатын арттыру бағытында тапсырма берген болатын. Өкінішке қарай, ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жасалып жатқан жоқ. Халықтың оңай олжа десе, қызығып, қалтасындағы соңғы тиынына дейін жұмсайтынын алаяқтар біліп алған. Халық мұншалықты

(Соңы 3-бетте)

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК



ЖАЗҒЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫН БА?

2020 жылы негізі қаланғанына 50 жыл толған Қапшағай бүгінде республикадағы болашағы жарқын қалалардың тізімінде көш басында тұр. Алматыдағы казино мен букмекерлік ұйымдар көшіріледі деген әңгіме шыққан кезден бастап, оны бұқаралық ақпарат құралдары шенеуіңгерге сілтеме жасай отырып, «қазақстандық Лас-Вегас» деп сипаттай бастаған болатын.



1990 жылдардан кейін өндірісі баяулап, жұмыс орны азайғандықтан, тұрғындар тастап кеткен үйлер көбейіп, көркі кете бастаған шаһардың тіршілігі бүгінде қайта жандануда. Айналасындағы ауылдық округтер қала қарамағына өткен соң, мұндағы ұзақ жылдар бойы құлазып тұрған өндіріс аймақтарында жаңа кәсіпорындар ашылып, экономика қарқыны дами бастады. Бір кездері ешкімге керексіз болып қалған Қапшағай бөгенінің жағалауындағы демалыс орындарының саны да күрт өсіп, туризмнің бойына қан жүгірді. 70 шақырым жерде тұрған республикадағы ең ірі мегаполис саналатын 2 млн тұрғыны бар Алматының ғана емес, оның айналасындағы елді мекендер тұрғындары мен өзге де саяхатшылардың сүйікті демалыс орнына айнала бастады.

– Қапшағай бөгенінің қалаға қарасты жағалауындағы демалыс орындарында 2019 жылы 800 мыңға жуық адам демалған болатын. 2020 жылы карантиндік режимге байланысты олардың саны 263 мыңды құрады. Атап айтқанда, мұндағы 176 демалыс орнының 2019 жылы 146-сы, 2020 жылы 85-і ғана істеді. Биыл біз пандемия болмаса демалушылар саны 900 мыңға дейін жетеді деп жоспарлап отырмыз. Бұл үшін №6 және №7 жағажайларды абаттандыруды аяқтап, онда 32 шағын және орта бизнес субъектілеріне жұмыс орны ұсынылды. Енді №8 жағажайды абаттандыру жоспары жасалып, оны жүзеге асыруға байқау жариялап отырмыз. Соның нәтижесінде алдағы жылы 40 шағын және орта бизнес өкілдеріне жұмыс орындарын ұсынатын боламыз. Туризм саласының бюджеттік түсімдегі үлесі 2019 жылы 11 пайыз шамасында болса, былтыр 12 пайызды құрады. Биыл ол 15 пайыз болады деп жоспарлануда, – дейді қала әкімінің орынбасары Марлан Жолдахмет.

Туризм демекші, былтыр Қапшағай қаласының бюджетіне түскен барлық салық 24 млрд теңге болса, оның 10 млрд теңгесі

ойын бизнесінің үлесінде болған екен. Жоспар бойынша Қапшағайдың қалаға қарасты жағалауындағы 50 гектар жерді абаттандыруға 1,6 млрд теңге жұмсалмақ. Былтыр №6-7 жағалаулардың 8 шақырымы жөнделді. Олар енді бір мезетте 15 мың адамды қабылдай алады. Қазір 1 маусымнан басталатын шомылу маусымына дайындық пысықталып, су, кәріз, электр жүйелері мен медпункт, құтқару қызметі сияқты барлық қауіпсіздік сақтау жұмыстары ұйымдастырылған. Енді бейнебақылау қондырғыларын орнату жоспарланып отыр. Қала әкімдігі басқа жағажайларда бақылау жүргізу, оқыс оқиға бола қалған жағдайда қауіптің алдын алу қиынға түсетінін мойындап, демалушылар мүмкіндігінше қауіпсіздік шаралары жасалған демалыс орындарына келсе жөн болар еді дегенді айтып отыр. Өйткені №6-7 жағажайда демалушыларға арнап көлік тұрағы салынып, күн сәулесінен қорғайтын арнайы орындар қарастырылған. Демалушылар тек көлік тұрағына ғана ақы төлейді. Егер қосымша басқа ақылы қызмет түрлерін қажет етсе, оны өз қалауына сай таңдай алады.

«Қапшағай бөгенінде 7 қалалық жағажай бар. Біздің мекемеге №6 жағажай 3 жылға сенімді басқаруға берілген. Мұнда 20 құтқарушы, 5 бақылау мұнарасы бар. Бақылау мұнараларының бәрі мегафон, шенбер, дәрі-дәрмек сандығы, желет сияқты құтқару қызметіне қатысты құрал-саймандармен толық жабдықталған. Бұл қалалық меншіктегі №6-7 жағажайларда жасалған. Ал өзге 5 жағажай жекеменшікте болған соң, олар ондағы қауіпсіздікке өздері жауап беретін болады», – дейді «Қапшағай тұрғын-үй» ЖШС директорының орынбасары Қанат Қалиев.



Оның айтуынша, әркім өз бетінше келіп демалатын өзге жағажайларды да төтенше жағдай қызметі мамандары өз күшімен аралап, қадағалау жұмысын жүргізеді. Алайда ондағы қауіпсіздікке ешкім кепілдік бере алмайды.

Қапшағай бөгеніндегі соңғы жылдары демалушылар үшін жасалып жатқан бұл жағадан кейін биыл жол сапасына байланысты Алакөл мен Балқашта емес, Қапшағайда демалғысы келетін алматылықтардың қатары күрт өсуі күмәнсіз. Өйткені қалаға жақындығы, сапалы жолымен ғана емес, уақыт пен қаржыны үнемдеу жағынан да Қапшағай бөгенінің әлеуеті жоғары.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



СОТ СӨЙЛЕСІН

ӘР СЪЕЗДІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Бүгінде сот жүйесінің барлық негізгі бағыттары бойынша жетістіктер көп. Сот төрелігінің заңнамалық базасын жанарту және соттар қызметінің материалдық-техникалық жағын жақсарту тұрғысынан ілгері жылжу бар. Осы өзгерістердің қолға алынуына республика судьяларының съезі үлкен ықпал етті. Өйткені бұл басқосулар алдағы төрт жылда атқарылатын жаңа бағыттарды айқындап беруімен құнды.

1996–2020 жылдар аралығында судьялардың сегіз съезі өтті. Онда сот – құқықтық реформа, судьяларға қойылатын талаптарды арттыру және сот жүйесіне деген сенім деңгейі, судья әдебі нормаларын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен байланысты проблемалар талқыланды. Әр съезде ең өзекті бағыттар жан-жақты талқыланды. Тәуелсіздік қағидатын іске асыруға көп көңіл бөлінді. Бұл маңызды қағидат реформаның барлық жылдарында басты назарда болды және бүгінде маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Қазақстанда соттың тәуелсіздігі құқықтық, әлеуметтік, қаржылық кепілдіктердің тұтас жүйесімен қамтамасыз етілген. Судья тәуелсіздігі – бұл судьяның жеке артықшылығы емес, қоғамдық мүддені, ең алдымен сот төрелігінің мүддесін қорғау құралы.

Әр съезде судьялар қауымдастығының кадр мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Бұл бағыттағы қадамдар сот билігінің беделін нығайтуға арналады. Өйткені судья «мінсіз беделі бар адам» деген ұғым. Сот

шешімдерінің әділдігі – қоғамның сот төрелігінің сапасын бағалайтын негізгі өлшем десек қателеспейміз. Ал сотты құрметтеу – ең алдымен мемлекеттік билікті құрметтеу. Әрине, сот төрелігін сапалы жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы судьялар корпусының құрамы сапалы болуы қажет. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және судья бейнесін объективті қалыптастыру мақсатында сот жүйесінде істерді судьялар арасында кездейсоқ іріктеу әдістемесі бойынша бөлудің автоматтандырылған тәртібі енгізілді.

Сот билігі өзінің әлеуметтік миссиясын сотқа, судьяларға деген жоғары сенім дәрежесін сақтаған жағдайда ғана орындай алады. Сот төрелігінің тиімділігін арттыру – ел дамуының және қоғамдық шиеленісті жеңілдетудің түбегейлі шартының бірі. Тиімді сот жүйесі болмаса, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің басқа салаларындағы өзгерістердің нәтижесі елеусіз болуы мүмкін. Тек тиімді жұмыс істейтін сот төрелігі халықтың белсенді бөлігіне, олардың инвестицияларына сенімділік бере алады.

Сот процесінің ашықтығы мен айқындығы, сот шешімдерінің қолжетімділігі – сот төрелігінің ажырамас құрамдас бөлігі саналады. Сондықтан Жоғарғы Сот және облыстық сот шешімдерінің базасын құру судьялар съезінің басты қорытындыларының бірі болды. Жоғарғы Соттың web-сайтында сот актілерінің электрондық мәтіндерінің бірыңғай дерек қоры

толықтырылған. Жоғарғы Сот пен облыстық соттардың барлық сот істерінің іс жүзінде сотқа келіп түскеннен бастап сот актілерін орындауға және істерді мұрағатқа беруге дейінгі қозғалысын есепке алу мен бақылауды жүргізу мен жіктеудің заманға сай жүйесі бар. Соттарды ақпараттандыру мәселелері судьялар съездерінің жұмысы кезінде де маңызды болды. Ең алдымен сот құжаттарының барлық электрондық мұрағатын, соттардың интернет-ресурстарын және соттармен диалогқа арналған басты құралдардың бірі – «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі мен «Сот кабинеті» сервистерін ерекше атауға болады.

Сот реформасы барысында үлкен жұмыс жүргізілді, оның нәтижесінде Қазақстанда халыққа түсінікті қарапайым сот жүйесі құрылды, білікті заңгерлерден тұратын судьялар корпусы құрылды. Қазақстанда сот реформасының тұжырымдамасы іс жүзінде толық келемеде іске асырылды. Соттардың ұйымдастырылуы-құқықтық базасы қалыптастырылды. Қылмыстық, әкімшілік және экономикалық істер бойынша мамандандырылған соттар, ювеналдық және әскери соттар басты жұмыс істеуде. Мұндай жағдайда сот қызметін ұйымдастырушылық, ең алдымен кадрлық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелерін жоспарлы түрде шешу қажет.

Гүлнар ДӘУЛЕШОВА,
Атырау қаласының
№2 сотының судьясы

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ АПОСТИЛЬ ҚОЮ ТӘРТІБІ

2021 жылдың қаңтар айынан бастап «Әділет органдарынан және өзге мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылды. Апостиль қою мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процесі жеңілдетілді.

Е-апостиль сервисі бағдарламалық өнімі шеңберінде электрондық апостиль алуға өтініштер қабылдау, электрондық өтініштерді өңдеу және электрондық апостиль қалыптастыру жүзеге асырылады. Бұл азаматтарға Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде онлайн режимде өтініш беруге мүмкіндік тудырады. Мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болуы қажет.

Азаматтардың электрондық цифрлық қолтаңба қойылған электрондық өтінішті және электрондық мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруі «Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Портал арқылы жіберілген электрондық өтінішке сканерленген құжаттар (PDF файлында) Е-апостиль сервисі бағдарламалық өнімі жүйесінде тіркеледі. Келіп түскен құжаттарды қабылдауды, өңдеуді, тексеруді және дайын құжаттарды беруді уәкілетті органның қызметкері онлайн режимде жүзеге асырады. Уәкілетті органның лауазымды тұлғасы Е-апостиль ақпараттық жүйесі арқылы апостильдеуге жататын электрондық құжатта электрондық апостиль қалыптастырады және уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін электронды үкімет порталы өтініш берушінің «жеке кабинетіне» жібереді.

Электрондық апостильдің нәтижесі уәкілетті мемлекеттік органдағы лауазымды адамның немесе оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сы қойылған ресми құжаттың сканерленген көшірмесімен бірге апостиль бар PDF файлы түріндегі электрондық форматта қалыптастырылады. Электрондық апостиль электронды үкімет порталы арқылы уәкілетті мемлекеттік орган өтініш берген кезде қорғау кодын қолдана отырып, апостильді жүктеу арқылы беріледі. Электрондық апостиль мөр-

табанының астында электрондық беттің мекенжайына сілтеме көрсетіледі.

Шет мемлекеттің уәкілетті органы көрсетілген электрондық мекенжайда екі қорғау кодын енгізу арқылы электрондық апостиль мөртабаны бар ресми құжатты тексереді. Осыған байланысты апостиль қоюдың автоматтандырылған рәсімі азаматтарға мемлекеттік қызметті онлайн режимінде алуға мүмкіндік береді.

Электрондық апостильдеудің басты артықшылығы апостиль шығаруға және оның түрнұсқалығын белгілеуге жұмсалатын шығындар мен уақытты қысқарту, апостиль қызметтеріне қол жеткізуді жеңілдету, алаяқтықтан қорғауды арттыру, құзыретті органдардың жүктемесін азайту, құжаттарды жоғалту қаупін азайту, халықтың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді жеңілдету және статистика жүргізуді жеңілдету болып табылады.

Электрондық апостиль – апостильді қою, жазу және тексеру үшін жылдам, қауіпсіз және қағазсыз процедурасы енгізеді. Электрондық тіркелімнің компонентіне Андорра, Бахрейн, Бельгия, Болгария, Қытай (Гонконг), Коста-Рика, Доминикан, Грузия, Ирландия, Мексика, Никарагуа, Парагвай, Перу, Румыния, Ресей, Словения, Біріккен корольдік, АҚШ-тың 7 штаты, Уругвай кіреді. Сонымен қатар, ҚР Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментінің ақпаратына сәйкес, қазіргі уақытта Гаага конвенциясына қатысушы елдердің құрамында Испания, Грузия, Австрия, Колумбия, Молдова, Испания, Корея, Латвия, Чили елдерінде электрондық апостиль іске асырылды. Сондай-ақ, апостильдің мерзімі шектелмеген, алайда құжаттың мерзіміне шектеу қойылуы мүмкін. Кедендік, дипломаттық, консулдық, коммерциялық құжаттары және жеке куәлік, төлқұжат апостильдеуге жатпайды.

А.КАДИРОВА,
Шымкент қаласы Әділет департаментінің
тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік
қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің
бас маманы

ТҮНШЫҚҚАН ТҰРҒЫНДАР



Ақтөбенің іргесіндегі Кірпішті елді мекеніндегі үш қабатты үйдің тұрғындары нәжіс иісіне түншығып отыр. Өйткені дәретханадан аққан лас су кәріз құдығына толып, жер төлеге жайылған. Тұрғындар мәселені айтып, жергілікті билікке бірнеше рет шағымданыпты. Алайда ешқандай нәтиже жоқ.

Тұрғындар баспананы осыдан төрт жыл бұрын мемлекеттік бағдарлама бойынша алған. Алайда қуаныштары ұзаққа созылмаған. Өйткені орталық кәріз құбырына қалдық су айдайтын құрылыс істен шыққан. Соның кесірінен кәріз құдықтары толып, оған жиналған лас су үйдің жер төлесіне жайылған. Жағымсыз иіске түншыққан тұрғындар жиналған шайынды сулар мен нәжісті өз күшімен тазартуға мәжбүр.

– Бұл үйде 2017 жылдан бері тұрып келеміз. Сол уақыттан бері кәріз құдығы әлсін-әлсін бітеліп қалады. Жертөлеміз боққа батып жатыр. Осыдан 5 ай бұрын мәселені көтерген едік. Одан кейін «Ақбұлақ» АҚ орталық кәріз құбырына су айдайтын қондырғы алып берген еді. Бір ай болды, ол да бұзылып қалды. Халық кәріз құдығын тазарту үшін өз қалтасынан ақша жинап жатыр. Әр тазартқан сайын барлығымыз бірігіп, 90-100 мың теңге жинап береміз. Бұл қашанғы жалғасады? Қазір карантин, көбі жұмыссыз, – дейді тұрғын Мирболат Қазиев.

Тұрғындар «кәріз құдығына аққан лас судан басымыз айналатын болды» деп отыр. Өйткені мемлекеттік бағдарламамен баспана алғандардың дені – мүмкіндігі шектеулі жандар.

– Иіс үйге кіріп жатыр. Мүгедек бала өсіріп отырмын. Бұл үйде барлығы 54 отбасы тұрады, оның алтауында мүгедек бала бар. Мемлекеттік бағдарламамен несиеге үй алғандардың арасында мүмкіндігі шектеулі адамдар да бар, – дейді Бибіһүр Бисенова.

Тұрғындардың айтуынша, кәріз жүйесіне қосылған тоқ көзі де қоршаусыз, ашық күйінде жатыр. Олар балаларының қауіпсіздігі үшін де алаңдайды. Ал халықтың басты мұңына айналған кәріз құбыры ешкімнің балансында болмай шықты. Құрылыс компаниясы үйдің жер төлесіне дейін сатып жіберген. Әкімдіктегілер баспананың сапасыз салынғанынан хабардар. Алайда әлі күнге дейін кәрізді өз балансына алмағандықтан, халықтың мәселесін түбегейлі шешіп беруге қауқарсыз. Бұл жолы да демеушілердің көмегімен алынған кәріз құбырын соратын құрылыс қайтадан жөндеп беретіндіктерін айтты. Сол себепті тұрғындар кәріз құдығын әкімдік өз балансына алып, мәселені түбегейлі шешсе екен деген талап қойып отыр.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ



Ақылбек КҮРШБАЕВ, Парламент Сенатының депутаты:

Ауыл шаруашылығына қолдау керек

Ауыл-аймақтарды дамыту өлі де көп жұмысты, қажырлы еңбекті қажет етеді. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен аз қамтылған отбасылардың көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады, олардың үлесі қалаға қарағанда 2,5 есе көп. Соңғы екі жылда ауылдан қалаға 720 мың адам қоныс аударған. Біз жүргізген сауалнама ауылдық жердегі ең басты қиындық - жұмыссыздық екенін көрсетіп отыр. Оған қатысқан еңбекке қабілетті адамдардың 40 пайызы болашақта қалаға көшуді жоспарлап отыр. Ауылда 137 денсаулық, 315 білім беру нысанын салу керек, қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған мектептердің 78-і үш ауысымды, 19-ы апатты жағдайда. Сонымен қатар 900 дәрігер, 1860 педагог жетіспейді. 1200-ден астам елді мекенде интернет жоқ.

Үкіметтің қолданған шаралары арқасында ауылдағы көптеген проблемалар шешілуде, бірақ, өкінішке орай, олар өте баяу. Мамандардың есебі бойынша, ауылдық инфрақұрылымды қаржыландыруға, қазіргі жоспарланған бюджетке қарағанда, кемінде 2 есе көп қаражат бөлу қажет. Біз ауыл тұрғындарының ең өзекті мәселесі - оларды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қалай шешіліп жатқанына талдау жүргіздік. 2019 жылы 105 ауылдық елді мекенге ауыз су тасымалдау арқылы жеткізілген болса, өткен жылдың соңына қарай олардың саны азаймаған, керісінше, көбейіп, 109-ға жеткен.

Тағы бір мәселе - ауыл шаруашылық құрылымдарына және ауылдағы ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнеске несие беру. Осы уақытқа дейін ауыл шаруашылығындағы басты қаржы институты «ҚазАгро» АҚ Ұлттық холдингі болды. Оны «Бәйтерек» АҚ-мен біріктіргеннен кейін біз ауылды қаржыландыру көлемі ұлғаяды деп үміттенген едік. Алайда, Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, «Аграрлық несие корпорациясы», «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры», «ҚазАгроқаржы» акционерлік қоғамдарының 2021 жылға жоспарланған несие қаражатының көлемі, өткен жылдармен салыстырғанда, шамамен 30 млрд теңгеге төмендеп, бар болғаны 416 млрд теңгені құрады. Ал, деректер бойынша, ауыл тұрғындарының несие қаражатына жыл сайынғы қажеттілігі 1,5 трлн теңгеге жуық.

Назар аударғым келетін екінші сұрақ - ол инфляция мәселесі. Өткен жылы елімізде инфляция деңгейі 7,5 пайызға жетті. Осы жылдың басынан бері ол шамамен 7 пайызды құрады. Жыл соңына дейін оны жоспарланған 4-6 пайыз деңгейінде ұстап тұра аламыз ба? Біз Үкіметке депутаттық сауал жолдадық, шамамен 30 млрд теңгеге төмендеп, бар болғаны 416 млрд теңгені құрады. Ал, деректер бойынша, ауыл тұрғындарының несие қаражатына жыл сайынғы қажеттілігі 1,5 трлн теңгеге жуық. Назар аударғым келетін екінші сұрақ - ол инфляция мәселесі. Өткен жылы елімізде инфляция деңгейі 7,5 пайызға жетті. Осы жылдың басынан бері ол шамамен 7 пайызды құрады. Жыл соңына дейін оны жоспарланған 4-6 пайыз деңгейінде ұстап тұра аламыз ба? Біз Үкіметке депутаттық сауал жолдадық, шамамен 30 млрд теңгеге төмендеп, бар болғаны 416 млрд теңгені құрады. Ал, деректер бойынша, ауыл тұрғындарының несие қаражатына жыл сайынғы қажеттілігі 1,5 трлн теңгеге жуық.

Тағы бір мәселе - ауыл шаруашылығы дақылдарының отандық селекциясын дамыту. Қазірдің өзінде сұрыптар мен будандардың 70 пайызын, ал кейбір дақылдар бойынша 100 пайызын импорттайтын жағдайға жетіп отырмыз. Отандық селекциялық ғылымның жеткіліксіз қаржыландырылуын бюджет қаражатының жетіспеушілігімен негіздедік. Бірақ, өз кезегінде Үкімет 7 млрд теңгені жыл сайын шетелдік селекциялық тұқымдарын субсидиялауға жұмсайды. Бұл мемлекеттің қаражатын тиімсіз, ауыл шаруашылығы саласының болашағын ойламай жұмсап жатырмыз деген сөз. Үкімет экономиканы тұрақтандыру және еліміздің әлеуметтік саласын дамыту үшін аграрлық саланың осы мәселелерін шешу бойынша шаралар қабылдап, жүзеге асыруы керек.

А. ТҮРМАҒАНБЕТОВА, «Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алуа ӘШПРБЕКҚЫЗЫ, қаржылық сауаттылық жөніндегі қоғам

Қазір қаржылық сауат өте маңызды. Халық жеңіл жолмен ақша тапқысы келеді. Алаяқтар осыны өз мүмкіндігіне қарай тиімді пайдаланып отыр. Әлдебір ұсыныспен елктіріп, мойнына қалай несие іліп жібергенін байқатпай да жібереді. Алаяқтар бар және бола бермек. Бірақ соңғы кездері онлайн аударымдардың кең қолданысқа енуі, онлайн қаржылық операциялардың көп жүргізілуі алаяқтардың көбеюіне ықпал етуде. Бір айтағыным, ешкім де мұндай алаяқтықтан сақтандырылмаған. Сол үшін қарапайым дүниені біле жүрміз. Несие алмас бұрын, ең болмағанда, қаржы кеңесшілеріне хабарласуды ұсынамын. Қаржы кеңесшісі несие алар алдындағы барлық қауіпті жан-жақты қарастырады. Осылайша, әрбір азамат өз уақытын, ақшасын үнемдеп, әр банктің талаптары туралы біле алады. Алаяқтардан сақ болу үшін, ешқашан жеке мәліметтеріңізді бермеңіз. Несие алар кезде «тез шешіңіз» деген ұсыныс орынсыз. Ол - алаяқтықтың басты белгісі. Тұрғындардан есепшоттағы қаржы ұрланғаны туралы да арыз жеткізесіз. Алаяқтардың 90% қаржы құрылымының маманы екенін айтып, сенімге кіріп алады. Кейбірі тұрғындарға хабарласып, есепшотқа әлдекімнің шабуыл жасап жатқаны жөнінде жалған ақпарат береді. Сөйтіп, ақшаны басқа шотқа аударуға кеңес береді. Олар құйтырқы әрекетін осы сәтте жүзеге асырады. Сондықтан халықтың қаржылық сауатын көтеруге тырысу керек.

Алаяқтармен байланысқа түспеу үшін қаржылық сауаттылықты арттыру тұрғысынан жақында Алматы полициясы ресми үндеу

АЙТАРЫМ БАР

Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың атын естімеген адам елімізде аз шығар. Алайда бұл министрліктің құрамында мәдениетке тікелей қатысы бар бірде-бір комитет не департамент жоқ екенін екінші біле бермейді. Тіпті осы салада жүрген мамандардың өзі мәдениет комитеті мен мәдениет департаментін кім, қашан, не үшін қысқартқанын айта алмайды. Оны оларға ешкім, ешқашан түсіндірген емес. Бірі министрінің бір білгені бар шығар дегенді алға тартса, екіншісі мәселе комитетке тіреліп тұрған жоқ қой деген ойда. Үшіншісі, мемлекеттік қызметкерлердің санын қысқарту керек деп жоғарыдан нұсқау түскен соң, жоқтаушысы бола қоймас деп мәдениетті құрбандыққа шалған шығар дейді.

Тарихқа көз жүгіртсек, мәдениет саласында 30 жылда 12 басшы ауысып үлгеріпті. Сонымен қатар ширек ғасырдан астам уақыттың ішінде атауы да сан мәрте өзгеріп, өзге министрліктермен бірде қосылып, бірде қайта бөлініп жүрген кезде бұл салада түрлі өзгеріс болды. Алайда Мәдениет комитеті дегенді ешкім жойған емес. Сондықтан Арыстанбек Мұхамеддіұлы министр боп тұрған кезде комитеттен департаментке айналып, Ақтоты Райымқұлованың дәуірінде мүлде департаменттен де айрылып қалған мәдениет комитеті мен департаментінің іздеушісі болмауына 2020 жылы басталған коронавирус індетінің таралуы қатты әсер ет-

ОНЛАЙН АЛАЯҚТАР АЗАЙМАЙ ТҰР

жолдады. «Өкінішке орай, қылмыс бір орында тұрмайды және күн сайын жаңа көріністерге ие болады. Алаяқтық - бұл мүлктік қылмыстардың кең таралған түрлерінің бірі. Олардың ішіндегі ең өзектісі - несие саласындағы алаяқтық. Біз несие берудің қолайлы шарттары мен тез өңдеу мерзімдері туралы уәде беретін делдалдармен байланыс жасамауды ұсынамыз. Әдетте, мұндай адамдар халықтың сенгіштігін, қаржылық технологиялар мен құқықтық мәселелер саласындағы нашар білімін пайдаланып, өзін қылмыстық тұрғыдан байытатын әлеуетті алаяқтар болып табылады», - дейді Алматы қалалық Полиция департаменті бастығының орынбасары Рүстем Әбдірахманов.

Ең жиі кездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлері: интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді немдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр.

Осы орайда айта кетер жайт, заң бойынша алаяқтық жолмен несие рәсімдегендер ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Алаяқтық, яғни бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты немденуге бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Осы орайда алаяқтықтың жолын кесу үшін аталмыш заңның жауапкершілігін күшейту қажет екені де айтылуда. Өйткені әлеуметтік желідегі жеке куәлік суреті арқылы немесе пайызсыз несие алып беремін деп, одан қалды

шағын несиелік ұйымдардың тез арада рәсімделетін несиесі арқылы құрбандарын іздеген алаяқтардың әрекеті жыл өткен сайын түрлене түсуде. Сондай-ақ компьютер тілін жетік білетін алаяқтар да сан түрлі амалға баруда. Қой терісін жамылған қасқырлар жеке мәліметтерді біліп алған соң, есепшоттарды бұзып, қаражатты қолды қылады. Кейінгі кезде алаяқтардың «Сіздің нөміріңіз бір ұтысты жеңіп ағанды» деп кез келген кездейсоқ абоненттік нөмірге қоңырау соғуы немесе SMS-хабарламалар жіберуі де жиілеп кеткен. Арам ниеттілер ұтысты басқа қаладан алып кетуді немесе жеңіп алған тауардың құнын пластикалық картаға аударуды ұсынады. Мәселен, дәл осындай айлау жолмен 40-тан астам адамды алдап, ақшаларын жымқырып кетіп отырған күдікті жақында ғана қолға түсті. Осы орайда мамандар дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, қолдарды және құпия сөздерді ешкімге хабарламауға, белгісіз әрі тексерілмеген сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, күмәнді мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асырмауға, ұялы телефон мен компьютерге белгісіз қосымшаларды орнатпауға, кез келген сілтеме бойынша өтпеуге, спам хабарламаларға сенбеуге шақырады. Елімізде интернет алаяқтары қылмысының 21 % ғана ашылады екен. Демек, өз-өзімізге сақ болмасқа амал жоқ.

Қуаныш ЕРМЕКОВА, «Заң газеті»

ЖЕКЕ КОМИТЕТІ МЕН ДЕПАРТАМЕНТІ ЖОҚ МИНИСТРЛІК

кен сияқты. Оны осы салада ұзақ жылдар бойы түрлі қызметтерді атқарған жазушы, еліміздің көрнекті мәдениет қайраткері Әлібек Асқаров та жоққа шығармайды.

- Комитет құрылып жатыр. Бір кезде мәдениет комитеті болған, қай уақытта жоғалып кетті білмеймін. Енді Президент Жарлығымен қайтадан құрылғалы жатыр. Бүгінде оған қандай функция берілетіні анықталуда. Өз басым мәдениет комитетінің қалпына келтірілгені өте дұрыс деп есептеймін. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бар. Тіл саясаты комитеті бар. Туризм индустриясы комитеті бар. Мәдениет комитеті де болу керек қой. Мәдениет деген үлкен ұғым. Ол - салт-дәстүр, менталитет және тағы басқалар.

2000 жылы Мәдениетті қолдау жылы деп жариялағанда, Әбіш Кекілбаев мемлекеттік комиссияның төрағасы, мен жауапты хатшысы болдым. Облыс әкімі орынбасарларынан шақырып, әлеуметтік мәселелер бойынша әр тоқсан сайын есеп алып отырамыз. Сонда осында клубты, кітапхананы қайта жөндедік, қайта қалпына келтірдік дейтін. Соған байланысты оларға рейтинг қоятынбыз. 1990 жылдары Әкежан Қажыгелдин Үкімет басшысы боп тұрған кезде кейбір ауылдардың клубтары бірер қойға сатылып кетті ғой. Кейін біраз дүниені қайтардық. Бір бизнесмендер оны қайта сатса, енді бірі халық игілігі үшін деп тегін беріп жатты, - деп өткенді еске алды.

Бұл туралы ҚР Тұңғыш Президенті өзінің 2000 жылғы Жолдауында тек сол жылы 468 кітапхана, 239 Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңадан 5 театр ашылғанын қуана айтқан. Өз мәдениетімізді ұмытпауымыз керектігін және оның алдында қарыздар екенімізді жеткізе отырып, алайда осы уақытқа дейін

ештене жасалмады деген шындыққа сай келмейтінін жеткізді. Жабылған мыңнан астам мәдениет нысанындағы қалпына келтіру мен жөндеуге 3,5 млрд теңге жұмсалғанын, 2001 жылғы бюджет жобасына мәдениет саласына бөлінген 600 млн теңге көбірек бөлініп отырғанын айтты. Салаға деген бюджет шығысы айтарлықтай өсті. Алайда мәдениеттің өсуі тек бюджеттен бөлінетін млрдтар мен статистикадағы сандармен ғана өлшенбейтінін өмірдің өзі дәлелдеді. Бұл ең алдымен әлеуметтік-тұрмыс деңгейі мен қоғамдық санадағы өзгерістерден байқалды. Сондықтан да Елбасы 2012 жылы 10 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» деп аталатын мақаласында 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке берген нақты тапсырмаларының орындалу қарқыны мен сапасына қанағаттанбайтынын айтты. XX ғасырдың 60-жылдарында кеңінен таралған тұтынушылық қоғам тұжырымдамасының елесі әлі айқын сезілетінін, тұтынудың бұл идеологиясы бүлдіруші болғанына бүкіл әлем көз жеткізіп отырғанын, әлемнің дамыған елдерінде жаппай әлеуметтік масылдық туындатып, жаһандық дағдарыстың басты себептерінің бірі болғанын жеткізді. Сондай-ақ Үкіметке берген 18-тапсырмасында: «Мәдениет саласындағы жұмыс жаңа сапаға ие болуы тиіс. Өйткені, мәдениет қазіргі заманғы адамды қалыптастыруға және дамуға ықпал ететін әлеуметтік жаңғыртудың елеулі жиынтығы болып табылады. ... Мен еңбек адамына, өз ісінің білгіріне арналған әлеуметтік бағыттағы отандық мә-

дени өнімдер (кино, кітаптар, театр қойылымдары, телебағдарламалар) үлесінің жеткіліксіз екендігіне шығармашылық интеллигенцияның назарын айрықша аударғым келеді. Өскекен ұрпақ пен жас бұым кәсібилік пен білікті еңбек өнімділігінің тартымды үлгілерін іс жүзінде көре алмайды. Мәдениет, ақыр соңында, қазіргі заманғы еңбек адамына қарай бетбұрыс жасаяу тиіс! Өңірлер арасында олардың экономикалық және мәдени жетістіктері туралы ақпараттар алмасу жеткіліксіз дәрежеде калууда» деген еді. Бұл сөздер әлі де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Мысалы, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайтында оның мәдениет, этносаралық келісім, тілдерді дамыту, мемлекеттік рәміздер, мұрағат ісі мен құжаттама, электрондық құжат айналымы және электрондық мұрағат, дене шынықтыру және спорт, ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі салаларында басшылықты, салааралық үйлестіруді және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы екені жазылған. Сондай-ақ оның құрылымында Спорт және дене шынықтыру істері; Тіл саясаты; Туризм индустриясы комитеттері мен Талдау және стратегиялық жоспарлау; Экономика және қаржы; Архив ісі және құжаттама деп аталатын департаменттерінің бары көрсетілген. Яғни атында да көрініп тұрғандай, онда министрліктің қай мәселеге көбірек басымдық беретіні айқын көрініп тұр. Сананы тұрмыс билеген заманда, адамға рухани азық та керек екенін және оған үзіліссіз көңіл бөлу керектігін Үкімет түсініп, министрлік тиісті шешім қабылдап жатса, қанекі.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ВИРТУАЛДЫ ҚЫЛМЫСТАРҒА ТОСҚАУЫЛ БОЛА МА?



Ойталқы (Соңы. Басы 1-бетте) расың, бес мың теңге салсаң, он мың теңге қылып қайтарасың» деп олар түрлі жолдармен жалған жарнамалар жасап жатады. Әсіресе, парақшасында оқырманы көп блогерлер оның алаяқтық әрекет екенін біле тұра жарнамалайды. Нәтижесінде танымал тұлға жарнама жасап тұрған соң, өзі де сол ұтыс ойыны арқылы қалтасындағы қаржысын көбейтіп жатырмын деп ойлайды халық. Сондықтан блогерлердің де мұндай жалған ұтыс ойындарына жарнама жасауына заңды тыйым салу керек.

Myrzabek BEKBERDI, заңгер - Негізгі цифрландыру үрдісі төлқым аяқталғаннан кейін қылмыстық істерді ашу мейлінше жылдам болады деп ойлаймын. Оның үстіне қазір құқық қорғау органдары да алаяқтардың жолын кесуге бейімделіп үлгеріп алмай жатқан сыңайлы. Сондықтан оларды осы бағытта қайта даярлаудан өткізіп немесе олардың арасына IT мамандарды қызметке алуымыз керек деп ойлаймын. Алаяқтық әрекеттер көбіне тауар саудасы мен көрсетілетін қызметтер аясында да жасалады. Олар адамдарды арзан бағамен қызықтырады. Сондай-ақ, банк атынан хабарласып, түрлі себептермен жеке мәліметтерді сұрауы мүмкін. Күмәнді ұтыс ойындары да жарға жығады. Қазір инстаграм секілді әлеуметтік желілерде мұндай бағыттар өте көп. «Мың теңге салсаң, бес мың теңге қылып қайта барыңтар өте көп. «Мың теңге салсаң, бес мың теңге қылып қайтарасың» деп олар түрлі жолдармен жалған жарнама жасап жатады. Әсіресе, парақшасында оқырманы көп блогерлер оның алаяқтық әрекет екенін біле тұра жарнамалайды. Нәтижесінде танымал тұлға жарнама жасап тұрған соң, өзі де сол ұтыс ойыны арқылы қалтасындағы қаржысын көбейтіп жатырмын деп ойлайды халық. Сондықтан блогерлердің де мұндай жалған ұтыс ойындарына жарнама жасауына заңды тыйым салу керек.

Илияс ИСАЕВ, экономист: - Интернеттегі сауда-саттық барысында тараптардың бір-бірімен кездеспейтіні белгілі. Сол себепті, қылмыскер бір өңірде отырып алып, екінші өңірде қылмысын жасай алады. Алаяқтар мұндай жағдайда клиенттерді арзан бағамен арбап алмайды. Алдын ала жарна немесе толық ақшаны банк картасына жіберуді сұрайды. Тауардың аз қалғанын айтып, елдің ойлануына шамасын жеткізбей есін шығарады. Сосын ақшаны аударып алған соң, жоқ болып кетеді. Шекараның арғы бетінен тауарға тапсырыс беріп, тауар да жоқ, ақша да жоқ алданып қалып жатқандар елімізде өте көп. Алаяқтар түрлі әдісті меңгерген. Сауатты сөйлеп, адамды шатастырады. Сондықтан, елдегі банктер жақында үндеу жариялады. Алаяқтық схемаларын зерттеп, мына шараларды сақтауды ескертті: Белгісіз нөмірге қоңырау шалса, құпиясөзді, картаның нөмірін, CVV/CVC-кодтары мен операцияны растау SMS-ін ешкімге айтпау. Олар ұсынған мобильді қосымшаны орнатпау. Сілтемелерге кірмеу және жеке мәлімет сұрайтын сауалнамаларды толтырмау керек. Құзырлы орындардың осындай мәлімдемелерін барынша кеңірек тарату керек. Халық осындай сақтандыру шараларынан хабардар болса, көп алданба еді. Сондықтан сақтандыратын осындай үндеулерді кең тарату өте маңызды.



Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ КЕЛЕСІ ТӨРАҒАСЫ КІМ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тиісті органдардың адвокаттар жазған өтініш-шағымдарды өз денгейінде қарамауы басты мәселе. Олардың ойынша, рұқсат алу тәртібі заңмен емес, еш жерде жарияланбаған нұсқаулықпен реттеледі. Біз әңгімеге тартқан адвокаттардың көпшілігі қазіргі заңнамалар адвокаттарды қажетті дәрежеде қорғау бұлай тұрсын, оған жүгінген адамға да қауіп төндіреді екен. Соңғы өзгерістер тіпті тәуелсіз адвокатураны жою үшін жұмыс істеп жатқандай.

Заңгерлердің мүддесін қорғап, әріптестерінің өтініштерін қарауға тиіс бұрынғы Республикалық адвокаттар алқасы төрағасының орнына отыру үшін сайлауға дайындық қыза түскен. Қазіргі күні төрағалыққа үміткер тоғыз кандидат әріптестерінің мүддесін қорғап, мәртебесін көтеруге бағытталған сайлауалды бағдарламаларын ұсынып отыр.

Ауылдағы мамандар қолдауы зәру

Адвокаттар алқасы толығымен тәуелсіз болуы үшін биліктің барлық денгейлерінде адвокаттардың құқықтары мен мүдделерін лоббирлеуге және қорғауға қабілетті қуатты ұйымға айналдыруды басты мақсат еткен кандидат **Айдын БИКЕБАЕВТЫҢ** бағдарламасы бірнеше бөлімнен тұрады. Ол ең алдымен адвокаттардың жылдар бойы жинақталған мәселелерін шешуді белсенді адвокаттардан топ құрудан бастамақ. Қоғамдастықтың белсенді өкілдерін сот әділқазыларының және осы маңызды мемлекеттік органның барлық комиссияларының құрамына қосу үшін Жоғары Сот Кеңесінің төрағасымен өзара әрекеттестік ұйымдастырып, РАА және ААА төралқаларымен бірге осындай қоғамдық құрылымдарда жұмыс істейтін адвокаттардың әрбір өкілі шешім қабылдау кезінде өз мамандығының мүддесін басшылыққа алуына қол жеткізу көзделген. Сот төрелігін іске асыру барысында туындайтын адвокаттардың өзекті мәселесі, сот ғимараттарына кедергісіз кіру, Жоғарғы Сот жанындағы барлық комиссиялардың, облыстық және оларға теңестірілген соттардың құрамына белсенді адвокаттарды қосуға ниетті. Адвокаттардың заңнамалық мәселелерін шешу үшін Мәжіліспен өзара әрекеттестік жасау да күн тәртібінде қаралмақ. Құқық қорғау органдарының басшыларымен жүйелі жұмыс жүргізіп, мемлекеттік органдар мен депутаттардан жақтастарды тарту, құқық қорғау органдарының Қоғамдық кеңестеріне адвокатура өкілдерін қосу, әділ диалог құру үшін Әділет министрлігімен өзара әрекеттестік орнату көзделген.

Осы айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін РАА және ААА төралқаларымен, сондай-ақ ниет білдірген барлық адвокаттармен бірлесіп қазақстандық адвокаттарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу маңызды. Біріншіден, адвокаттардың процессуалдық мәртебесі көтерілсе, талай жылдан бері жауыр болған адвокат пен прокурордың іс жүргізу құқықтарының теңдігіне, сондай-ақ сотқа дейінгі іс жүргізу барысында тиімді қорғау үшін адвокаттарға нақты құқықтардың берілуіне қол жеткізілімек. Екіншіден, МКЗК бойынша адвокаттардың жұмыс тетіктерін қаржыландыруды ұлғайту және жетілдіру. Яғни адвокаттың жұмысқа жұмсаған сағаттарының санын және осыған сәйкес адвокатқа төленетін соманың мөлшерін анықтау кезінде адвокаттың тергеуші мен судьяға тәуелділігін жоюға бағытталған. МКЗК бойынша төлемді енгізу нұсқаларының бірі сағат бойынша емес, адвокатқа сәтті жұмысы үшін қосымша ақы төлей отырып, күндер санына байланысты жеке іс бойынша төлем беру керек. Үшіншіден, ауылдық адвокаттар мен тағылымдамалардан өтушілердің қызметін қолдау қажет. Бұл үшін ауылдық жерлерде адвокат болып жұмыс істейтін кандидаттарға тегін тағылымдамалар өту мен біліктілікті арттыру мәселесі шешілуі және әрбір ауылдық адвокат РАА жанындағы Адвокаттардың құқықтарын қорғау комиссиясының тарапынан қорғалуы

тиіс. Төртіншіден, жаңа кадрлар мамандығына кіру үшін кедергілерді алу маңызды. Бесіншіден, адвокаттардың тәуелсіздігін нығайту және адвокаттық өзін-өзі басқаруды жетілдіру керек. Адвокаттар қауымдастығының шынайы тәуелсіздігі адвокаттардың ауызбіршілігіне байланысты. Ол үшін «бір адвокат – бір дауыс» қағидаты бойынша мамандыққа қатысты маңызды мәселелер барлық адвокаттардың тікелей дауыс беруі негізінде көрініс таба алады. Алтыншыдан, адвокаттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету. Мәселен, лицензияны қайтарып алу тек өрескел және қасақана заң бұзғаны үшін қолданылу керек. Адвокаттар мемлекеттен де, адвокатура органдарынан да тәуелсіз болуы керек. Ең негізгісі, адвокатурада жоғарыдан тағайындалған басшылар болмауы керек. Жарналардан «нөл» теңге бөлінген көп жылдық тәжірибені тоқтату керек. Бұдан кейін адвокатты тағайындау «көз жұмып» таңдау бойынша жүзеге асырылатын болады, яғни бірінші болып істі қабылдауға келісім беру түймесін басқан адам тапсырысты алады немесе тағайындау қатаң әліпбилік тәртіппен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Төралқамен бірге ақпараттық жүйені «ҰАТ» АҚ-нан РАА пайдасына тегін беруге қол жеткізу. Бұл ретте әрбір адвокат осы жүйені пайдалану туралы шешімді ерікті түрде қабылдау қажет. Жетіншіден, адвокаттардың салықтары мен жарналарын азайту. Бүгінгі таңда адвокаттардың көпшілігі өте аз табыс табады және айналымнан салық төлейді. Бұл әділетсіз.

Одан кейін жалпыға бірдей белгіленген режим бойынша жұмыс істейтін адвокаттардың жеке кәсіпкерлерге ұқсас үй-жайларды жалдауға, коммуналдық қызметтерге, көлік пен байланысқа арналған шығыстарға, көмекшілердің жалақысына, маркетингке, мүшелік жарналарға және адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты барлық шығыстарға салық салынатын кірістен шегеруге құқығы болуы тиіс.

Халықаралық стандартты саралау маңызды

Адвокатура саласындағы түйткілді мәселелермен жете таныс **Гүлнәр МИМАНОВА** өз бағдарламасында бұл институтты жетілдіру және адвокаттың процесстік мәртебесін халықаралық стандарттар мен қазіргі заманғы үрдістерге сәйкес келтіруге күш жұмсамақ. Адвокатура институтының беделін арттырып, жас заңгерлердің көптеп келуін құп көретін үміткер елдегі адвокаттар санын арттыруды көздеп отыр. Мемлекет есебінен қорғаушыны тағайындау тәртібін енгізу, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу мөлшерін ұлғайту керек. Бұдан бөлек, мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде азаматтарға, мүгедектерге ақысыз түрде заңдық көмек көрсетіп отырған адвокаттарға қаржы төлеу мәселесін қарастырып, адвокаттардың кірістеріне салық салу жүйесін қайта қарау қажет. Сонымен қатар, әлемдік технологиялар мен инновациялардың тілін игеру үшін біліктіліктерін арттырса, адвокаттық қоғамдастық құқықтық көмекті мемлекеттік тілде көрсетуге барынша дайын болуы тиіс. Әрбір адвокат өз қызметінің нәтижелері мен кәсіби этиканы сақтағаны үшін жауап беруі керек. Ал жоғары оқу орындарында білім алушылардың адвокаттық қызметке қызығушылығын арттыру маңызды.

Алдыңғы әріптесінің бағдарламасында көрсетілген сұрау салу тәртіптерін белгілеу бұл үміткердің де мақсаты жоспарында қарастырылмақ. Бұдан басқа, қорғаушыны шақыру, тағайындау және одан бас тарту тетігін жетілдіріп, адвокаттың өз қызметін атқару барысында тиісті органдарға кедергісіз кіруін жолға қоймақ.

Қоғамдастық мүшесі халық қалаулысына айналу керек

Белгілі ғалым **Есберген АЛАУХАНОВ** төраға болып сайланған жағдайда барлық күш-жігерін, кәсіби және

өмірлік тәжірибесін, білімі мен қолда бар барлық мүмкіндікті сайлауалды бағдарламасында айтылған міндеттердің сәтті іске асуына арнамақ. Ең алдымен алдыңғы екі әріптесі секілді, адвокаттың қылмыстық іс жүргізуіндегі мемлекеттік айыптау өкілімен нақты теңдігіне қол жеткізуге, адвокаттардың кәсіби қызметі үшін қудалау фактілерін болдырмауға ниетті. «Адвокаттың кәсібилігі – азаматтың қорғалу дәрежесінің көрсеткіші» деп санайтын кандидат адвокат мәртебесін алу үшін қатаң іріктеуден өтудің маңыздылығына тоқталып, біліктілік арттыру, мемлекеттік тілде құқықтық көмек көрсетуге әрқашан дайын болуы керектігін айтады. Сондай-ақ, кәсіби этиканы ескеру де ерекше маңызды. Адвокатураның бірлігін нығайтып, РАА құзыретін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Бұл емтихандарды қабылдау және адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беруден басталуы керек. Адвокаттардың еңбек-ақыларын көтеріп, кірістеріне салық салу жүйесі қайта қаралуы тиіс. Ал адвокатураның мәртебесі мен беделін көтеру үшін адвокаттық қоғамдастық мүшелерінің қатарынан Парламент депутаттығына кандидаттар ұсынылған жөн.

Оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау, тұрғындар үшін ақпараттық, құқықтық оқыту мен кеңес беруді белсенді жүргізу маңыздылығын алға тартқан Есберген Алауханов РКА төрағасы адвокатты басқаруға емес, адвокаттарға жұмыс істеу үшін сайлануы тиіс деп санайды. Төралқаның құрамы әр алқадан бір өкілге дейін қысқартылып, оларды ресми күнделікті іс-шаралар мен ағымдағы іс-шаралардан алып тастауды ұсынады. Жалпы, адвокаттардың, ауылдық жерлердегі адвокаттардың кәсібилігін арттыру үшін әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етіп, жедел іздестіру қызметі мен тергеу сатысында өкілеттіктерді кеңейту керек.

Қорғаушыға қысым жасалмасын!

Төртінші үміткер **Нұрлан ЖОЛБОЛОВ** осылай дейді. Сондықтан сайлауалды бағдарламасында адвокатқа қысым жасаудың бірде-бір жағдайын назардан тыс қалдыруға болмайды. Тиісті органдарға тінтүсіз кіруі мен адвокаттың жұмысында құпиялылыққа кепілдік беретін заңның сақталуын қамтамасыз ету ауадай қажет. Материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін қайта қарастырып, адвокаттарды жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдармен құпия ынтымақтастыққа тартуға түбегейлі тыйым салуды енгізу керек. Бұдан басқа, қылмыстық қудалау органының заңсыз әрекеттері туралы ашық арыз және қоғамның назарын аудару адвокаттың ажырамақ құқығы болуы тиіс. Адвокаттық сұрау салу да қайта қарастырылып, кез келген ақпаратты ұсынудың қысқартылған мерзімін енгізу маңызды. РАА баспасөз қызметі құрылып, адвокаттардың мәселелері жұртқа жетуі керек. Сондай-ақ, адвокаттарды қазіргі заманға бейімдеу үшін шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасып, біліктілік арттыру маңызды.

«Е-адвокат» ақпараттық жүйесінің жобасын іске асыру жөніндегі тоқтап қалған жұмыс жалғасын тапса, адвокаттарды мәдени-спорттық шараларға баулу да бұл үміткердің бағдарламасында көрініс тапқан.

Төрт орынбасар тағайындалуы тиіс

Нұрлан Жолболов Парламентте адвокаттардың қатарынан депутат сайланудан бөлек, төрағаның төрт орынбасары болуы тиіс деп санайды. Адвокаттарды лицензиясынан айыру толықтыруды қажет етсе, аудандар мен ауылдық жерлердегі әріптестердің біліктілігін арттырып, салық салу мөлшерін төмендету, жоғары оқу орындарында «Адвокаттық іс» мамандығын енгізу секілді жоспары көп.

Қазыбек САҒАДИЕВ өзге үміткерлердің сайлауалды бағдарламасын қолдай келе, адвокаттық қызметке салық салудың қолданыстағы жүйесін қайта қарау, адвокаттың сот ісін жүргізуде, әсіресе, қылмыстық процесте тең іс

жүргізу мүмкіндіктерінің болмауы, адвокаттарды мемлекет есебінен тағайындаудың қалыптасқан практикасын қайта қарастыру, мемлекеттік органдардың ғимаратына кірудегі кедергілердің жолын кесу, адвокатура институтын түбегейлі реформалау, адвокаттардың сұрау салуына жауап беру тәртібін белгілеу, еңбекке төлеу тетіктерін өзгерту секілді бірқатар мәселелерді шешуді көздейді. Бұдан бөлек, қылмыстық іс материалдарына адвокаттың қолжетімділігін кеңейту, біліктілігін арттыру, адвокатураның өзінің тәуелсіз ақпараттық-коммуникациялық жүйесі құрылып, ол мемлекеттік деректер базасымен және басқа порталдармен біріктірілуі керек.

Мейірбек ДАУБАЛАЕВ тәжірибелі адвокат ретінде талай мәселенің шешілуіне құлықты. Ол үшін ең бірінші ашықтықты қамтамасыз ету маңызды. «Адвокат ең жоғары салықтардан арылып, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу мөлшерлемесін арттыру қажет. Құқық қорғаушылар үшін мәдени көпшілік шараларды ұйымдастыру, баспасөз орталықтарын құру, тінтуге жол бермеу, гаджеттерді өткізу туралы талаптарды жою үшін жұмыс жасау керек», – дейді үміткер Мейірбек Даубалаев.

Әділет министрлігі араласуын тоқтатын!

Мейрам ШАЙМЕРДЕНОВТЫҢ бірінші кезектегі міндеті азаматтық қоғам институты ретінде адвокатураның маңызды қағидаттарын ілгерілету, кәсіби, тәуелсіз қоғамдық ұйым ретінде адвокатураның мәртебесін қорғаудан бастамақ. Ол үшін үміткер адвокатура қызметіне мемлекеттік органдардың, атап айтқанда, үкілетті орган – Әділет министрлігінің заңсыз араласуын болдырмау қажет деп санайды. Сондай-ақ, еңбекқорларын көтеру, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының адвокаттан адвокаттық құпияны бұзуды талап ететін, адвокаттан айыптаудың куәгері ретінде жауап алуға тырысатын және көндіретін тәсілдерге тосқауыл қою, адвокаттардың этика кодексіне өзгерістер енгізу, біліктілігін арттыру мемлекет

есебінен болуы керектігі – сайлауалды бағдарламасының басты мақсаты.

«Өкінішке орай, РАА қызметтік үй-жайы, БАҚ-пен жұмыс істейтін қызметі жоқ. Сосын кейбір адвокаттар адвокатура алаңын саяси мақсатта пайдалануға тырысады. Бұған жол беруге болмайды», – дейді Мейрам Шаймерденов.

«Тәуелсіз адвокатураға 18 қадам!»

Танымал адвокат **Айман ОМАРОВА** «Тәуелсіз адвокатураға 18 қадам!» дейтін бағдарламасы әріптестері тарапынан қолдау табуына сенімді. Он сегіз бөлімнен тұратын сайлауалды бағдарламасында алдыңғы әріптестерінің айтқанынан бөлек, қоғамдастықтың мүдделеріне опасыздық жасамау, Әділет министрлігінің адвокаттарды лицензиясынан айыру практикасын тоқтату, адвокатураға қабылдауды адвокаттық қоғамдастықтың өз құзыретіне беру, Әділет министрлігінің адвокаттарды лицензиясынан айыру практикасын тоқтату, адвокатураға қабылдауды адвокаттық қоғамдастықтың өз құзыретіне беру, құқық қорғау органдары, прокуратура және соттардағы жұмыс тәжірибесіне қарамастан адвокаттарды аттестаттауға жіберуді міндет етіп отыр.

Ақы еңбекке сай болса

Келесі үміткер **Ғалым НҮРПЕЙІСОВТЫҢ** тоғыз бағыттан тұратын бағдарламасында да АЕК төлеудің күшін жою, ҰАТ АҚ-мен шартты бұзу және күзмет көрсетуге төлемдерден бас тарту, құқықтық консультацияларды күшейту, еңбекақыны ұлғайту, тінту істерін тоқтату, төралқа құрамын өзгерту, адвокатқа қол сұғылмаушылық, адвокаттарды лицензиядан айыру, баспасөз қызметін құру бойынша жоспары бар.

Кандидаттардың көбісі адвокаттарға қарсы тінту істеріне қарсылық танытып, еңбекқорларын көбейтуді ұсынған. Жартысы әріптестерінің ақпаратқа қол жеткізуінің қиындығын айтса, қалғаны салық салудың әділетсіздігінде, адвокатура қызметін адвокаттардан басқа ешкім білмейді деген пікірде. Сол себепті Әділет министрлігінің араласуын тоқтату мен тең құқылы қызмет көрсетуді алға тартады. Ал үміткерлердің ұсынуын бағдарламасына өзге әріптестері қандай уәж айтады?

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Еркін ҚАХАРОВ, адвокат:
БІЗГЕ АЛДЫМЕН БИЛІК КЕРЕК!

Ең бірінші, бізге билік беру керек. Мысалы, полицияда, нотариустарда, сот орындаушыларында ақпараттық база бар. Бізде ол жоқ. Тиісті органдарға кіріп-шығу тегілі, ақпаратқа өз еркімізбен қол жеткізе алмаймыз. Таныстардан сұрап, тиісті мәліметті тіміскілеп жүріп іздейміз. Өзімізде база болса, ешкімге жалынбай бақылау жасайтын едік. Ол жоқ. Онсыз жұмыс жүрмейді.

Адвокаттық сауалнама жібереміз, он күнде жауап береді дейді. Кейде жауап та бермейді. Сосын қазір сот істері онлайн болып жатыр. Азамат далада қалып қоюы мүмкін, адам тағдыры талқылайтын жыын онлайн өтеді. Бірін-бірі түсінбейді, тыңдамайды. Бірі кіріп, бірі шығып жатады. Карантин жағдайын түсінеміз, бірақ дүкендер мен автобустарда, қоғамдық жерлерде халық іш тіресіп жүреді де, он адам қатысатын жиындары онлайн өтіп қояды. Мұндай істе сапалы жұмыс болмайды. Онлайнды былай айтқанда, ақпараттық базаға қол жеткізу, тиісті органдарға телефонмен кіруді сұратып қанша қақсадық. Бірақ, өзгеріп жатқан ештеңе жоқ.

Төрағаға үміткерлердің арасында жаман бағдарлама көріп тұрған жоқпын. Төраға сайлауға емес, адвокаттардың айтып жүрген базынасына құлақ түру маңыздырақ.



Алмас СӘШЕКОВ, адвокат: САЙЛАУ ӘДІЛ ӨТСЕ ДЕЙМІЗ

Кандидаттардың арасында Айдын Бикебаевтың бағдарламасы көңілге қонымды және адвокаттардың көкейкесті мәселелері жан-жақты қамтылған екен. Өйткені, маман статусын көтеру – өте өзекті. Мысалы, мемлекеттік органдар бізді жанына жуытпай, құжаттарды бергісіз келмей жатады. Салық төлеу шарттары да шикілеу. Себебі, салық төлеуді міндеттеген сайын адвокаттар қаламақысын көтеруге мәжбүр. Бұл айналып келгенде халықтың қалтасына қол салу. Одан кейін қазір Жоғарғы Сот бітімгершілікке көп көңіл бөле бастады. Германия секілді тараптарды татуластырып, медиаторлықты қатар алып жүрген адвокаттарға сыйақы берілуі керек.

Әрине, сайлау әділ өтсе деген тілегіміз бар. Әділдік болған жерде алға жылжу бар. Әділетсіздік орнаса, мың жерден төраға сайласақ та, адвокаттардың мәселесі аяқсыз қалады.

БІЛГЕН ЖӨН

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар осы кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары болып табылады.

- Әкімшілік рәсімдердің міндеті:
- жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру;
- жария-құқықтық қатынастарда жеке



МІНБЕР

СЕНІМГЕ СЕЛЖЕУ ТҮСПЕСІН ДЕСЕК

Тәуелсіздіктің туын тіктегелі еліміздің сот жүйесін дамыту мақсатында сүбелі жұмыстар тоқтаусыз жүргізілді. Сонымен қатар, сот төрелігін жетілдіру, сотына сенген қоғамды құру әрқаз Тұңғыш Елбасымыздың тікелей қамқорлығында болды. Себебі, соттың беделі – бүкіл мемлекетіміздің беделі екені сөзсіз.

Осы орайда, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, төрт жыл сайын өткізілетін судьялар құрылтайы, Президент Жолдаулары, «Сот төрелігінің 7 түйіні» сот төрелігінің қолжетімділігімен қоса, қоғам алдындағы ашықтығы мен жариялылығын арттыра түсті. Шын мәнінде, тауы шағылып, соңғы үмітін арқалап, сотқа жүгінетіндердің құқығы «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» демекші, ақ пен қара ажыратылып, қорғалып, әділетті шешім шығарылған жерде ғана сотқа деген сенімге селкеудің түспейтіні анық.



Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысы
МАЭС-ның судьясы

Елімізде азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Мәселен, сот жүйесіндегі маңызды қадамдардың бірі бұрынғы билер билігінің жалғасы медиацияны қолданысқа енгізу еді. Себебі, біз сонау Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің сарқытын рухани азық ете отырып, заманауи бітімгершілік процедураларын кеңінен қолдануды қалыптастырдық. Бүгінде елімізде бітімгершілік рәсімдері еңбек, отбасылық даулардан бөлек, жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық дауларды қарауда да өз өміршеңдігін көрсетіп үлгерді. Осы орайда, соттардағы фронт-офис, құқықтық қызмет көрсету орталықтары, медиация кабинеттерінің дауларды бітіммен шешуде үлесі орасан. Сонымен қатар, өңірде бір терезе арқылы қызмет көрсететін құқық қорғау қызметтері орталығында «Татуластыру орталығы», «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Маңғыстау өңірлік филиалындағы құқықтық қызмет көрсету орталығында «Татуластыру рәсімдерінің секторы», облыстық сотта «Атамекен қабылдауы» кабинеттерінің бой көтеруі кәсіпкерлердің құқығын қорғап, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етті. Мұндай орталықтарда кәсіпкерлік субъектілердің қатысуымен болатын даулар сотқа дейін реттеліп, медиацияның мүмкіндігі насихатталды. Бұл нәпақасын кәсіптен көргендер үшін қолдау болғанына сенім мол. Осы орайда, жыл басынан бері Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралған 156 іс медиациямен, 8 іс бітімгершілікпен қысқартылып, тараптардың татуласуына байланысты 17 000524 теңге мемлекеттік баж қайтарылған.

Тағы бір үлкен жаңалық – былтыр ҚР Азаматтық процесстік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын енгізу, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңнама қол қойылып, заң талаптары қолданысқа енгізілді. Заңнамадағы басты өзгерістердің бірі – дауды татуласу арқылы шешуге басымдық беріліп, жанжалды партисипативтік негізде шешуге адвокаттардан басқа барлық заңгерлік палаталардың мүшелеріне мүмкіндік берді. Осы орайда татуласуды жүргізу үшін судьяға 5 күндік мерзім берілген болса, аталған өзгерістермен 10 жұмыс күні болып белгіленіп айтып өткен жөн.

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бәрімізге ортақ міндет екенін тапсырды. Сот жүйесі үшін де қоғаммен байланыс орнатып, БАҚ арқылы күнделікті атқарылып жатқан сот шешімдерінің әділдігі халыққа қаз-қалпында жетуі басты назарда. Бұрын соттағы тың ақпараттар, қоғамның қызығушылығын туғызған істер бойынша материалдар соттардың веб-сайты арқылы таратып болса, қазір соттар әлеуметтік желілерде де белсенді танытуда. Сондықтан, әлеуметтік желі арқылы соттар мен қоғам арасында тұрақты диалог орнады деп айтуға толық негіз бар. Себебі, жұртшылық тарапынан қойылған сауалдарға, сын-пікірлерге судьялар мен баспасөз хатшылары тарапынан дер кезінде жауап беру жолға қойылып отыр.

Қорыта айтқанда, сотта қолға алынған бұл шаралардың барлығы қызметтердің сапасын жоғарылатуға, тиімді байланыс орнатып, сот төрелігіне деген халықтың сенімін арттыруға бағытталған.



**ШЕШІМДІ ОРЫНДАМАҒАНДАРҒА
ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР**

және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу;

- тиімді және ашық мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету;
- жария-құқықтық салада заңдылықты нығайту.

Әркім бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Әкімшілік рәсімді қозғау үшін негіз ретінде өтініш; әкімшілік органның, лауазымды адамның бастамасы назарға алынады.

Кодексте соттың белсенді рөлі қарастырылған. Мәселен, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктеме, мәлімдеме, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдер, дәлелдемелер және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектелмей, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тараптарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сондай-ақ сот өз бастамасы бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелер жинауға құқылы.

Кодекстегі түбегейлі жаңашылдық ретінде татуластыру рәсімдерін жүргізу мүмкіндігінің қарастырылуы атауға болады. Осылайша, тараптар процесстің барлық сатыларында (кезеңдерінде) татуласу, медиация туралы немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толық немесе ішінара аяқтай алады. Мұндай келісімді бекіту туралы өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша сот оны бекіту туралы не бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Ерікті түрде орындалмаған келісім сот беретін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ сот төрелігін жүргізу кезінде соттар мен судьялардың өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары және басқа да өтініштері барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, жеке тұлғалар үшін міндетті және Қазақстанның бүкіл аумағында орындалуға жатады.

Сот актілерін, сол сияқты сот талап-

тарын орындамау процесстік мәжбүрлеу шараларын ескерту, сот отырысы залынан шығару, ақшалай өндіріп алу түрінде қолдануға әкеп соғады.

Ақшалай өндіріп алу жеке, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне айлық есептік көрсеткіштің 10-нан 100-ге дейінгі мөлшерінде қолданылады. Бұл ретте сот процесстік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процесстік міндеттерді орындамайтын адамға, оның ішінде дәлелдемелер ұсынылған, тапсырмалар сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына әкеп сокса, әрбір іс-әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алу салуға құқылы.

Тараптардың медиация туралы немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісін бекіту туралы сот шешімін, сот ұйғарымын орындамағаны үшін жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алу қолданылады.

Лариса СЕКСЕНБАЕВА,
Сандықтау аудандық соты
торағасының міндетін атқарушы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

**ДАМЫМАҒАН ҚОҒАМ
ДАҒДАРЫСҚА ҰШЫРАЙДЫ**

Адам құқығы – азаматтарға тумысынан берілетін мәртебе. Сол себепті адамдарға қатысты нормалар барлық уақытта даму үстінде. Жеке адамның құқығы мен қоғамдағы құқық тығыз байланысты. Бірі болса, екіншісі де болады. Адамның құқығы, бостандығы қоғамның даму деңгейімен байланысты. Қазіргі заманда адамдардың бостандығы мен құқықтары барлық мемлекеттердің Конституциясына, Декларациясына енгізіліп, ең негізгі ресми саясатқа айналды. Қазақстан Конституциясында адамның бостандығы мен құқықтарына арнаулы бөлім қарастырылып, бұл мәселені жан-жақты дамыту, жақсарту мемлекеттік міндет деп жарияланды.

Сонымен, адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік нормалар арқылы басқарылып келеді. Сондықтан жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар. Оның даму мазмұны, шеңбері қоғамның даму деңгейімен байланысты. Ең формацияда адам бостандығы мен құқығы әртүрлі болады. Бірақ оның дамуы объективтік прогрестік

жолмен ілгеріледі. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын құқық та, бостандық та нығайып жақсарды, оның әділеттік, демократиялық мазмұны да, кеңістігі де күрделенеді, жақсарды. Егер де бұл бостандыққа, құқыққа шектеу қойылса, оны іске асыруға кедергілер жасалса, адамдардың табиғи бостандықтарына мән берілмесе, ондай қоғамда антидемократиялық (фашизм, тоталитаризм, деспотизм) мемлекет орнап, саяси, экономикалық дағдарысқа ұшырайды. Адам қоғамының тарихында бұған мысал жеткілікті. Осы ХХ ғасырдың өзінде осындай дағдарыс екі дүниежүзілік соғысты өмірге әкелді.

Қазіргі заманда өркениеттің басты жетістігі адам құқығы мен бостандығын нақты қалыптастыру болып табылса, барлық мемлекет оны қорғап, оған кепіл болуы тиіс. Осындай ізгілікті үрдістен тәуелсіз Қазақстан да шет қалып отырған жоқ. Ата заңның 1-бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп атап көрсетілген. Осы заң сөздері Қазақстанға әлемнің дамыған елдерінің қатарында тұруға моральдік

құқық береді. Жоғарыда айтқанымыздай, Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау саласында оң қадамдар жасауда.

Адам құқығы мен бостандығы оның міндетімен байланысады. Жеке тұлға Қазақстан Республикасының алдында жауапты әрі оның Конституциясы мен заңдарын, аумағының біртұтастығын сақтауға, салт-дәстүрлеріне, мемлекеттік тіл мен барлық ұлт өкілдерінің тілдеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының қуатын, егемендігі мен Тәуелсіздігін нығайтуға атсалысуға міндетті. БҰҰ соңғы жылдарды Адам құқықтары саласындағы ағарту он жылдығы деп жариялаған болатын. Бұл үлкен бастама. Әр мемлекет, әрбір азамат осынау ізгі бастамаға өз үлесін қосатын болса жақсы. Адам құқықтары туралы білімді дамыту адам құқықтарының сақталуына кепіл береді. Өз құқықтары мен міндеттерін білген адам еш уақытта жаңсақ баспайды.

Динара БАККАРАЕВА,
Сарыарқа аудандық сотының
бас маманы,
сот отырысының хатшысы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

**ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС –
ЖАЛПЫНЫҢ ІСІ**

Елімізде 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы жарияланған болса, бүгінде жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді бағдарламалар жүзеге асып келеді. Ал Қазақстан жас мемлекет болған-



дықтан, дамыған елдердің жемқорлыққа қарсы қолданған тәжірибелерін зерделеп, артық-кемін екішеп, өз қызметтерінде қолдануға тырысуда. Бұл өз кезегінде нәтиже беруде.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі елімізде күн тәртібінен түспей, барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмысындағы өткір, шешілмейтін мәселелердің біріне айналып отырғаны баршамызға белгілі. Елбасының үндеуі, Жолдауларында сыбайлас жемқорлықпен күрес өзекті мәселе ретінде әрқаз айрықша атап өтіледі. Жемқорлықпен күрес тәсілдеріне де бағыт-бағдар беріліп, күрестің кешенді түрде жалғаса беретіні ұдайы айтылып отырады. Яғни жемқорлықпен күрес елімізде бір сәт те тоқталмайды.

Сыбайлас жемқорлық заманмен бірге өсіп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отыр. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіруде. Еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болған жемқорлықпен күрес мәселесі жылдар бойы күн тәртібінен түспей келеді. Жалпы, қоғамымыздың жемқорлыққа қатысты қарсылығын тудыру

мақсатында да жұмыс жалғаса бермек. Мемлекеттік қызметшілерге қатысты жемқорлық та жойылмай тұр. Оның себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы өз әсерін тигізуде. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асырған кездегі құқықтық сауаттылығының әлсіздігі, немқұрайлылық танытуы, жәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дамуына септігін тигізуде. Халық арасында кең ауқымды түсіндіру жұмысын жүргізіп, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі жүйе қалыптасуына септігін тигізген жөн. Біздің басты мақсатымыз жемқорлықты жою, оған жол бермеу болып табылады. Сыбайластыққа жол бермеу үшін әр азамат өз ісіне жауапкершілік танытып, келеңсіз жайға жол бермеу қажет.

Жандос ҚАНАТҰЛЫ,
Бөкей ордасы аудандық сотының
бас маманы-сот отырысының хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰРМЕТ

Арыс-1 станциясындағы желілік полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Дінмұхамед Қансейітов қашанда қарапайымдылықты, кішілік пен кеңпейілділікті жанына жақын тұтқан, сөзден гөрі іске бейім адам. Димекен отыз жылдан аса өмірін ел тыныштығын қорғауға арнады.

«Әкем Жұмабек жас кезінде тәртіп сақшысы болуды армандапты. Ол құжаттарын тапсырып қойған кезде ата-анасы қарсы болған. Ата-әжеміз ұлдарының ұстаз болуын қалаған көрінеді. Әкем ата-анасының сөзін жерге тастамай, өз арманынан бас тартып, мұғалім болады. Қырық жыл-



ӘДІЛЕТТІ АДАМНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК

дай осы салада еңбек етіп, мықты маман, іскер басшы екенін дәлелдеді. Әкемің орындалмаған арманын бауырым Шаяхмет екеуіміз орындадық. Сексеннің сенгіріне шықса да, әкем полиция қызметкерлеріне қызыға қарап, әрдайым өзінің тілегін айтып отырады», – деді Дінмұхамед Жұмабекұлы.

«Ұлдарымның қалаған мамандығын таңдауына қарсы болмадым. Керісінше, оларға әрдайым қолдау көрсетуге тырыстым. Балаларым мен жетпеген жетістіктерге жетті, биіктерді бағындырды», – деді Жұмабек қажы Қансейітұлы.

Димекен 1991 жылы күзде Арыс станциясындағы желілік ішкі істер бөліміне қарасты Шеңгелді бекетінде қатардағы тәртіп сақшысы қызметіне кіріседі. Бұл Кеңес Одағы ыдыраудың алдында тұрған қиын кез болатын. Шеңгелді сол кезде көршілес Өзбекстан мен Қазақстанды бөліп тұратын үлкен станция еді. Сондықтан бұл жерде үнемі жолаушылар сапырылысып жататын. Адам қарасы көп шоғырланған жерде кейде неше түрлі тосын оқиғалардың орын алатын кездері де болатын. Дінмұхамед қызметке кірісе бастағаннан өзі таңдаған саланың қиындығы мол екенін түсіне бастады. Сонда да бұл саланы тосырқамай, өзіне жүктелген міндетті адал атқарды. Шаршауды білмейтін, берілген тапсырмаларды бұлжытпай орындайтын

қағылез қызметкер небары бір жылдың ішінде өзін тек жақсы қырынан көрсетті. Соны байқаған бөлім басшылығы жас маманды орталыққа қызметке ауыстырады. Осылайша ол 1993 жылы Арыс станциясындағы желілік полиция бөліміне инспектор болып орналасы. Білікті маманды басшылық араға бір жыл салып кәметке толмаған жасөспірімдердің ісімен айналысатын инспектор қызметіне ауыстырды. 1994 жылы ол тергеушілікке кірісті. Дінмұхамед тәжірибелі әріптестерінен кеңес алып, қиын мәселелердің түйінін шешуді үйренуден жалықпады. Осындай еңбексүйгіш маманды басшылық та бағалап, аға тергеушілікке көтерді.

«Әрбір қылмысты істің әділ шешілуі тергеушінің жауапкершілігіне тікелей байланысты. Өз жұмысына берілмей, оны шын мәнінде сүймей, тергеуші болу қиын. Өйткені, мұндай алдын ала істелетін әрбір істе адам тағдыры жатқаны белгілі. Ал, адам тағдырына немқұрайдылықпен қарауға тергеушінің ар-ожданы шыдамайды. Сондықтан да әрбір қылмысты істің сотта әділ шешілуі тергеушінің өз ісіне жауапкершілікпен қарауына байланысты. Әрине, тергеу ісі – қиын да күрделі қызмет. Адам тағдырын шешу оңай емес. Бұл салада жәбірленуші және қылмыскер болады. Мен өзімді жәбірленушінің орнына қоя-

мын да, оның талабын заң жолымен шешуді қалаймын», – дейді Дінмұхамед аға.

Полиция полковнигі, міне, сол кезден бері ішкі істер саласында жемісті еңбек етіп келеді. Осы жылдар аралығында жас маман әбден ысылды, мол тәжірибе жинады. Дінмұхамед Жұмабекұлы ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін ҚР ІІМ-нің және Көліктік ПД-нің грамоталарымен және алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, «ҚР ІІМ ардагері», «ҚР ІІМ үздігі», «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медальдарын алды. Кейіпкеріміз отыз жыл жинаған мол тәжірибесін кейінгі жас полиция қызметкерлерімен бөлісіп, жақсы тәлімгер бола білді. Отбасының берекесі, үлгілі, қамқор әке. Жұбайы Дана екеуі бес ұл мен қыз тәрбиелеп отыр. Полицейдің ата-анасы Жұмабек қажы мен Нұрилла ана екеуі 63 жыл бері отасып, он қыз, екі ұл тәрбиелеп, немере мен шөбере сүйіп отыр. Димекеннің туған бауыры Шаяхмет те ішкі істер саласында көп жылдан бері еңбек етіп келеді. Ол қазіргі таңда Түркістан станциясындағы желілік полиция бөлімінің бастығы лауазымында.

Міне, Қансейітов Дінмұхамедтің өмір жолы осындай мерейлі істерге толы.

Раушан НАРБЕК

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

Кадр резервіне 353 адам іріктелді

«Азаматтарға арналған үкіметтің» кадр резервіне іріктеу 2021 жылғы 1 наурызда басталып, 30 сәуірде аяқталды. 1-12 наурыз аралығында тіркеуден өткен қатысушылардан 1873 өтінім келіп түсті. Президенттік кадр резервінің тәжірибесін ескере отырып, үміткерлер бірнеше кезеңнен тұратын іріктеуден өтті. Олар тест тапсырып, сарапшылармен сұхбаттасты. Нәтижесінде «Дарындылар пулына» 353 адам қабылданды. Олардың ішінде Түркістан облысынан – 7 адам.

«Дарындылар пулы» жобасын ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қолдады, ол бізге іріктеу кезеңдерінің барынша ашық өтуін тапсырған болатын. Оған кез келген қазақстандық қатыса алды. Жобаны іске асыру мемлекеттік корпорацияда меритократия қағидаттарын енгізуге және «әлеуметтік лифт» тетіктерін пайдалануға көмектеседі деп сенемін. Резервке өткендердің тағайындаулары таяу уақытта бос орындар пайда болған кезде жүзеге асырылады», – деді «Азаматтарға арналған үкімет» басқарма төрағасы Әділ Қожықов. Іріктеуді әзірлеу кезінде «Президенттік жастар кадрлық резерві», «Елбасы академиясының салалық менеджерлері» және «Жас өркен» сияқты ұқсас жобалардың тәжірибесі ескерілді. Осылайша, «Дарындылар пулы» Қазақстандағы кадрлар резервін құру бойынша төртінші ірі жобаға айналды.

Зарина ЗАГИДУЛЛИНА,
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
КЕ АҚ Түркістан облысы бойынша филиалының ресми өкілі

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

Онлайн кездесу өтті

Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәметтік жасқа толмаған жазасын өтеушілердің Алматы қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының оқыту бөлімінің өкілі Жакупова Еркенпен онлайн кездесуі өтті.

Бүгінгі таңда қоғамда бас бостандығынан айыру орындарынан босаған азаматтарды еңбекпен қамту – өзекті мәселе. Қоғамның ондай адамдарды қабылдап, өмірден өз орнын тауып кетуі қиын», – дейді қалалық жұмыспен қамту бөлімінің өкілі. Бұдан кейін маман жасөспірімдер колониясындағы жазасын өтеушілерге жаңа өмірді қалай бастауға болады, қандай кәсіп игеру керек деген секілді ақыл-кеңестерін айтты. Жазасын өтеушілер қойған сұрақтарға жауап берді.

Біздің мақсат – жазасын өтеуші жасөспірімдер арасында осындай жүздесулерді жиі ұйымдастырып, оларға өмірдің мәнін, бағасын түсіндіру. Одан кейінгі өмірінде жаман жолға қайта түспей, өзіне, отбасына, қоғамға пайдалы іспен айналысуына ықпал ету, – дейді сотталғандар арасында әлеуметтік психологиялық тәрбие бөлімінің жасақ бастығы, әділет капитаны Ернар Сабитов.

Е.ЖЕҢІСХАН

Қызметкерлер сертификат алды

Бүгін Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты ЗК-169/1, ЗК-169/5 мекемесінің теолог мамандары 72 сағаттық «Орыс тілін шетел тілі ретінде деңгейлік оқыту» курсы аяқтап, сертификат алды. Курсты Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының Тілдерді оқыту орталығының орыс тілі пәнінің оқытушысы Л.Алибекова жүргізді. Курс барысында тыңдаушылар онлайн оқуға арналған орталық порталын еркін пайдаланып, тіл үйренудің тиімді технологиялары арқылы білімдерін жетілдірді.

Сертификат табыстау рәсімін орталық директоры Л.Ортаева мен курс жетекшісі Л.Алибекова жүргізді.

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

ӨРТУРА

2. МЖС жобасына бастамашылық ету туралы хабарлама
«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ денсаулық сақтау саласындағы төмендегі мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобасы туралы хабарлайды: 2015 жылғы 31 қазандағы ҚР «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік туралы» Заңының 44-бабына сәйкес, мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобасына әлеуетті жеке серіктестің бастамашылық етуі туралы хабарлайды.
1. «Қарағанды қаласында сәулеттік диагностика орталығының ашылуы» жобасы. Жобаны іске асыру кезеңі: 2021-2031 жж. МЖС жобасының алдын ала белгіленген мерзімі 10 жылды құрайды. Қызмет түрі: медициналық қызмет. Бюджеттен төленетін болжалды төлемдер және (немесе) мемлекеттік қолдау шаралары: денсаулық сақтау ұйымынан орындай беру. Оңирдегі тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге нақты қажеттілігі: Қарағанды облысының аумағында астам әлеуметтік жағынан осал санаттағы 100-ден астам адам компьютерлік томографиядан өтуге кезекте тұр. Қарағанды облысының аумағында әлеуметтік жағынан осал санаттағы 300-ден астам адам магнитті-резонансты томографиядан өтуге кезекте тұр. Жобаның техникалық күрделі және (немесе) бірегей болуы: жатпайды. Жеке меншік серіктестер МЖС-ке мынадай нысандармен қатысады: 2015 жылғы 31 қазандағы ҚР «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік туралы» Заңының 31-бабына сәйкес тікелей келіссөздер жүргізу. Жобаны инвестордың қаржысы есебінен жүзеге асыру жоспарлануда. МЖС жоспарланған жобасын іске асыруға мүдделі әлеуетті жеке серіктестер баламалы ұсыныстарын бере алады. МЖС жоспарланған жобасын іске асыруға мүдделі әлеуетті жеке серіктестер баламалы ұсыныстарын хабарламада көрсетілген талаптарға сәйкес бере алады, сондай-ақ жеке серіктесті анықтайтын тікелей келіссөздерге қатысу үшін ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а 2015 жылдың 25 қарашасындағы №725 «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобаларын жоспарлау мен жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығының 130-пунктінде көрсетілген ұсынымын бере алады.
Әлеуетті жеке серіктесті төмендегі жалпы біліктілік талаптарына сай болуы тиіс: 1) құқықтық қабілеті (занды тұлғалар үшін) және азаматтық әрекет қабілеттілігі (жеке кәсіпкерлер үшін) болуы тиіс; 2) төлем қабілеттілігі бар, салық берешегі жоқ; 3) мемлекеттік-жеке меншік серіктестің келісімшарты бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті қаржылық және (немесе) материалдық және (немесе) еңбек ресурстары болуы тиіс; 4) банкроттық немесе тарату рәсімдері қолданылмауы, баланстық құны тиісті негізгі қаржы құнының он пайызынан аспайтын мүлкіне тыйым салынбаған, ҚР заңнамасына сәйкес қаржылық-шаруашылық қызметі тоқтатылмаған болуы тиіс; 5) жосымсыз әлеуетті жеке серіктестің ретінде тану жөніндегі заңды күшіне енген сот шешімі негізінде соңғы үш жылда жасалған мемлекеттік-жеке меншік серіктестік келісімшарттары бойынша міндеттерін орындамағаны және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапқа тартылмаған болуы тиіс. «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ баламалы ұсыныстарды осы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік мерзім ішінде мына мекенжайда қабылдайды: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Әлиханов көшесі, 2. Тел.: +7(7212)559784.

ЖАРНАМА

3. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама
«Шығыстүстімет» жауапкершілігі шектеулі серіктестік (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протозанов атындағы көше, 121) «Шығыстүстімет» ЖШС Басқармасының шешімі негізінде 2021 жылғы 23 маусымда 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабына сәйкес, «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өтетіні туралы өз қатысушыларын хабарлау етеді.
Қатысушыларды тіркеу 2021 жылғы 23 маусымда көрсетілген мекенжай бойынша 09 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.
Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2021 жылғы 22 маусымда 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалды.
Жиналысты, сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47, 48, 49-баптарымен реттеледі.
Күн тәртібіне енгізілген мәселе:
1. «Шығыстүстімет» ЖШС Жарғысын жаңа редакцияда бекіту.
Бірінші жиналыста воорум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2021 жылғы 30 маусымда 11 сағат 00 минутта.
«Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС атқарушы органның орналасқан жері бойынша танысуға болады.

8. 12.05.2021 жылы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.Б. Еламановпен жеке кәсіпкер Султанов Абдиджалел Абзалович, ЖСН 690519300122, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалғандығы хабарланады.

9. Тараз қаласының сотында Тараз қ., Молдарбеков көш., 3 үй (тел: 87073952056) мекенжайы бойынша тұратын Керімбеков Ерболат Асылбекұлы арыз берушінің 6 ақпан 1966 жылы туған, ЖСН 660206301976, Құлдыбаев Асылбек Керімбекович (соңғы жылдары жұмыссыз болған) қайтыс болды деп жариялау туралы арызды бойынша азаматтық ісі қозғалғандықтан, осы азаматтың жүрген жерін білетін адамдарға жарияланым шыққан күннен бастап үш ай мерзімде Тараз қалалық сотына бұл туралы хабарлауды ұсынады.

10. Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының 09.10.2018 жылы шығарған №7140-18-00-2/12482-1 атқару парағының, Сейткалиева Ельмира Еликбаевнаның Максұткалиева Маржан Темирхановнаға талап арызы бойынша қозғалған азаматтық іс бойынша дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының 09.10.2018 жылы шығарған №7140-18-00-2/12482-1 ұйғарымының жоғалған түнұсқалары жарамсыз деп саналсын.

ТАРАТУ

4. Шаруашылық жүргізу құқығына ие «Ғарыш-Экология» ғылыми-зерттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 010940000876, өзінің таратылуы (қайта ұйымдастырылуы) туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай бойы келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Абай даңғылы, 191-үй, 10-қабат, телефон: 8 (727) 376 53 69.

5. «Шапшаң-Н» ЖШС, БСН 081240013510, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Амангелді көшесі, 21 А үй. Тел.: 87051420649.

6. «Дәстүрлі Қытай медицина ЕМ-ДОМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы, БСН 210141023040, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 48-үй, 5 т.е.б.), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қ., Ә.Бөкейхан көшесі, 27, вп 13. Тел: 87056537828.

7. Занды ұйым «Перғауын Нұрғол» ғылыми-зерттеу орталығы мекемесі, БСН 990940012228, өзінің жойылуы жөнінде хабарлайды. Хабарландыру жария етілген күннен бастап екі ай мерзімде талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: 080000, Тараз қ., «Аса» м.а., 32А үй, 67-пәт. Тел:87079739135

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Тел.: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«KAIGOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kadybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan.at@mail.ru.
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawa_94@mail.ru, Тел: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7262) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ТІЛДІ ҰМЫТУ – ҰЛТ ҮШІН ҚАУІП

Мемлекеттік органдарда, әсіресе, соттарда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, «Тіл туралы» заңның 4-бабына сай, шығыс және ішкі құжаттар мемлекеттік тілде тіркеліп, хат-хабар қазақ тілінде алмасуда.

Республика соттарында сот төрағаларының өкімдерімен мемлекеттік тілді дамытумен айналысатын комиссиялар құрылды. Бүгінде бұл тұрғыда мақсатты іс-шаралар жүзеге асырылып, Жоғарғы Сот шешімдер мен үкімдерге, яғни, сот актілеріне қойылатын тілдік талаптарды күшейтті. Сот тіл заңдылықтарының сақталуына кепілдік беріп қана қоймай, мемлекеттік іс жүргізуді сапалық белеске көтеруге бағыт алып отыр. Оған барша сот қызметкерлері белсенді атсалысуда. Айта кетерлігі, «Тіл туралы» заңмен сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі нақтыланғанымен, ол деңгейге жете алмай жатырмыз. Сот ісінің толықтай мемлекеттік тілде жүргізілуінің өзіндік себептері бар. Мысалы, Азаматтық процессуалдық кодекстің 14-бабында

азаматтық істер бойынша сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда орыс немесе басқа тілдер қолданылатыны көрсетілген. Яғни, ел заңнамаларына сәйкес, сотқа арыз-шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Дейтұрғанмен, мемлекеттік тіл қолданысының кеңеюіне азаматтар мүдделілік танытса, нұр үстіне нұр болар еді. Сотқа талап арыздар мемлекеттік тілде түссе, ол міндетті түрде осы тілде қаралады.

Кез келген тілдің болашағы жастардың қолында екені рас. Жастардың тілді білмеуі, ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан, ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Қазақ тіліне деген құрмет пен ықыласты ұлттық сана биіктігіне көтерген жөн. «Өз-өзіңді сыйласаң, жат жанынан түңілер» демекші, бұл міндет – сіз бен біздің перзенттік парызымыз.

Мақсат СЕЙДАХМЕТОВ,
Өуезов аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ІС ҚАҒАЗДАРЫ ҚАЗАҚШАЛАНУЫ ҚАЖЕТ

Мемлекеттік тілдің дамуы мен нығаюына бағытталған заңдар қабылданып, бағдарламалар дайындалды, сол бағдарламаларды жүзеге асыру үшін мемлекетте түрлі іс-шаралар да ұйымдастырылып келеді. Осы жұмыстардың барлығы қазір өз нәтижесін көрсете бастады. Әсіресе, еліміздің сот жүйесі мемлекеттік тілде іс жүргізуге толықтай көше бастады. Іс қағаздары қазақ тілінде толтырылып, сот процесі мемлекеттік тілде өткізілуде. Мәселен, Шыңғырлау аудандық сотына арыз-шағымдар мен кіріс құжаттары былтыр 97 пайыз, биыл 98 пайыз мемлекеттік тілде түскен.

Ал аудандық соттың шығыс құжаттары мен ішкі құжат айналымы 100 пайыз қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл көрсеткіштер жыл сайын еселену үстінде. Сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді қаншалықты меңгергендігін әр тоқсан сайын өткізілетін тестілеу де анықтап береді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оны отбасы құндылығы ретінде қарастыруды көздейтін практикалық сабақтар мен семинарлар да бізде тұрақты түрде ұйымдастырылады. Мұнда

мемлекеттік тілде ресімделген сот актілерінің сапасына талдау да жиі жүргізіледі. Бір сөзбен айтқанда, тіліміздің сот жүйесінде қолданылу деңгейі жыл сайын артып келеді.

Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу – Конституция талабы. Сол себепті сот саласының барлық қызметкерлері мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, кіріс-шығыс құжаттарын, іс қағаздары жүйесін де 100 пайыз қазақшаландыруға мүдделі болғаны абзал.

Осы орайда Ахмет Байтұрсынұовтың: «Ана тілінде еркін сөйлеп, шын жүрегіңмен құрметтесең ғана өзгелерге де ана тілінді құрметте аласың» деген сөзі еске түседі. Қандай саланың маманы болсаң да, ана тілін құрметтеп, қазақ тілінің мәртебесін көтеру – қазақтың қара шаңырағының астында тұрған, елім, жерім деген әрбір азаматтың борышы.

ГАМАНТАЕВА
Шыңғырлау аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӨЗ ҮЛЕСІМІЗДІ ҚОСЫП ЖҮРМІЗ

Тіл тағдыры – тұтас ұлттың тағдыры. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген еді. Бір ғасыр бұрын айтылған Алаш арысының бұл сөзі әлі өзектілігін жойған жоқ. Қазақ тілінің пәрменін күшейту мақсатында елде аз жұмыс жасалып жатыр дей алмаймыз. Елбасы Жарлығына сәйкес, барлық орталықтар, жергілікті атқарушы және жоғарғы билік құрылымдары, сот жүйелері іс қағаздарын кезең-кезеңімен мемлекеттік тілге көшіре бастады. Сот жүйесінде де тіл саясатының үрдісі қарқынды даму үстінде. Қазақ тілінің қажеттілігін арттыру мақсатында елеулі кадамдар жасалуда.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік тілді дамытуға жастардың белсенділігі жоғары. Сондықтан жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу өз жемісін береді деп ойлаймын.

Тағы бір түйткіл – «Тіл туралы» заңдағы «Сот төрелігі мемлекеттік тілде жүргізіледі, қажет болған жағдайда орыс тіліне және басқа тілге аударылады» деген тіркес. Заңда осылай жазылғанымен, азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істердің басым бөлігінің қазақ тілінде қаралуы көңіл қуантатын деңгейде емес. Ел соттары бүгінде осы олқылықтың орнын толтыруы керек.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін жүзеге асырған сотқа халықтың сенімі қалыптасып, сот билігінің беделі артады. Мемлекеттік тілді үйренуге ниет білдірген азаматтарға қажетті оқу-әдістемелік құралдар қамтамасыз етілген, қазақ тілін тегін оқытатын курстар да жетіп артылады. Бұл орайда «Қазтест» атты мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесінің де пайдасы мол.

Мемлекет қайраткері, көрнекті ақын Сәкен Сейфуллин: «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды» дегендей, бүгінде құжаттар түгелдей мемлекеттік тілге көшу керек. Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шығыс құжаттарының барлығы дерлік мемлекеттік тілде ресімделеді. Сонымен қатар, сотта жүргізілетін іс-шаралар да мемлекеттік тілде өтіп жүр. Мемлекеттік тілді дамытуға өз үлесімізді қосып жүрміз.

Б.ЖУРАБАЕВ,
Батыс Қазақстан облысы Мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

ТАУСЫЛМАС ҚАЗЫНА

Қазіргі таңда қазақ тілінің елде үстемдік құруы үшін Қазақстанда көптеген игілікті істер атқарылуда. Осы елді мекендейтін ұлт пен ұлыстардың талап-тілегін қанағаттандыра отырып, мемлекеттік тілдің аясын кеңейтіп жатыр. Тіл – рухани байлық, таусылмас қазына.

Өзін мемлекеті үшін еңбек етіп жүрмін деп есептейтін кез келген мемлекеттік қызметкер сол елдің тілін бәрінен жоғары қояды. Өсудің, зор беделге ие болудың жолы – мемлекет үшін құнды дүниелерге зор құрметпен қарау. Ол құрмет мемлекетті құраушы ұлттың тілін сүю, құрметтеуден басталады.

Тіл тарихпен тығыз байланысты. Қазақтың тарихын білу, оның ішінде зиялы, қоғам қайраткерлерінің шығармашылығымен таныс болу мемлекеттік тілді меңгеруге үлкен көмек. Мысалы, ұлы Абайдың 175 жылдығы қарсаңында әр түрлі мемлекеттік мекемелерде рухани іс-шаралар өтті. Соттар да бұл игілікті істен тыс қалмады. Соның арқасында басқа

ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген қызығушылығы артты. Мемлекеттік тілге өзге ұлттың назарын бұру да – үлкен абыройлы міндет. Бұдан бөлек мемлекеттік тілді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар да біздің елде белсенді жұмыстар атқарады.

Бүгінгі күні Ақтөбе қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында 2021 жылдың 1-тоқсанында 1055 әкімшілік іс мемлекеттік тілде қаралған. Соңғы екі жылдың статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, 2020 жылы 4020 әкімшілік іс, 2019 жылы 5004 әкімшілік іс мемлекеттік тілде қаралған, ол барлық түскен істердің жобамен 30%-ын құрайды.

Сонымен қатар, соттың кіріс, шығыс және ішкі құжат айналымы 100% мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жүргізіледі.

А.УРАШЕВА,
Ақтөбе қаласының
мамандандырылған әкімшілік
сотының кеңсе меңгерушісі



РУХАНИ НЕГІЗ

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

1998 жылы қабылданған ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 30-бабына және Азаматтық іс жүргізу кодексінің 14-бабына сәйкес, елімізде қылмыстық және азаматтық сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қолданыстағы заңнама талаптарына сай, елімізде сот ісі бірінші кезекте мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс, ал орыс тілі қажет болған жағдайда ғана қолданылады. Яғни жүгінуші тұлға қазақ тілін білмеген жағдайда ғана (мысалы, басқа ұлтты азамат/ша болса) арызын сотқа орыс тілінде беруге

құқылы. Қазіргі таңда ел соттары осы ұстанымда жұмыстар атқарып отыр.

Қорғалжын аудандық сотында ағымдағы жылдың басынан мемлекеттік мекемеден 5 талап арыз түсті, оның ішінде 4 талап арыз мемлекеттік тілде.

Сонымен қатар, 1 азаматтық іс бойынша ҚР тіл туралы талаптардың сақталмауына байланысты жеке ұйғарым шығарылды. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Оны барлық салада белсенді пайдалана отырып, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу, дамыту – біздің міндетіміз.

Б.ИЗАХМЕТОВ,
Қорғалжын аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК АЙҒАҒЫ

Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағы үшін де қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ана-ананы қалай қадірлеу керек болса, өз ана тілін де солай қадірлеу керек.

Тіл – тәуелсіздік айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Бұл тұста Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде» деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. «Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Ендеше, мемлекеттік орындар мен қоғамдық сана да туған тілге қызмет ету керек.

Мемлекет ана тілімен ғана тұғырлы. Мемлекеттік тіл жалпыхалықтық қолданысқа енгенде ғана оның аясы кеңесіп, тынысы ашылады, пәрмені артады. Елдегі сот жүйесінің мемлекеттік тілге көшуі осы салаға соңғы жылдары елеулі өзгерістер әкелді. Халықтың сотқа деген сенімін арттырды, қолжетімділікке жол ашты. Осы бағыттағы жұмыстар бұдан былай да қарқынды түрде үзіліссіз жүзеге аса берсе, мемлекет тіл саясатында елеулі жетістіктерге қол жеткізеді.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр азамат үлес қосуы тиіс.

Арай ЖОРАБЕК,
Жамбыл облысы бойынша қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы